Жаркент Айнасы

№3 (47),
11 ақпан,
бейсенбі, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

АЗАТТЫҚ ҮШІН КҮРЕСКЕН ЖАРКЕНТТІК ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАР

Жыл басында жарияланған ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында көптеген жаңарулар мен жақсылылықтар туралы жан-жақты айтылды. Қазіргі таңдағы сондай игі бастамалардың қатарына «Желтоқсан – 86» тарихи оқиғасы да қамтылған. Мәселен: «Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан каймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек» деп атап өткен мемлекет басшысы өз мақаласында.

Міне, осындай жақсылықпен жалғасқан игі іс жуырда Жаркент қаласында орын алды. Елді елең еткізген осынау жақсылықтың иегерлері – азаттықтың ақ таңын жақындатқан, қарулы жасақтың қоршауында тұрып ақырып теңдік сұраған әйгілі «Желтоқсан - 86» оқиғасында замандас құрбы-құрдастарымен иық тіресіп, Л.И. Брежнев алаңында болғандар. Алматының көшелерінде «Менің Қазақстанымды» шырқап, мұздай қаруланған әскерилер мен милицияға жалаң қолмен қасқайып қарсы тұрған ер-азаматтар, келмеске кеткен Кеңестік Қызыл империяның іргетасын шайқалтып, қабырғасын қақыратқан Желтоқсаншы жерлестеріміз еді.

Иә, олар 70 жылдай билік құрған коммунистердің қанкұйлы тоталитарлық режимінің күйреп тарих сахнасынан кетуіне және Одақ құрамындағы 15 одақтас республиканың әрқайсының дербес мемлекет болуына алғаш жол ашқан демократияның қарлығаштары болып тарихқа енді де. Аралықта өткен 30 жылдан астам уақыт ішінде әміршіл-әкімшіл жүйенің тас-талқан шығуына себепші – Алматыда болған 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасы» екендігін алыс-жақын шетел саясаткерлері мен ғалымдары толық мойындады десек те жаңылыспаймыз. Оған дәлел: Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналып 2016 жылы 25 қазанда Астана қаласындағы «Radisson» қонақ үйінің конференц-залында «Қазақстандағы Желтоқсан (1986 ж.) (бұдан әрі – Желтоқсан – 86) көтерілісінің тарихи және халықаралық маңызы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өткен-ді. Аталмыш шараға әлемнің 10 елінен түрлі ғылыми сала өкілдері, зерттеуші ғалымдар мен ҚР ҰҒА-ның екі академигі, 3 корреспондент-мүшесі, 21 ғылым докторы және 20-дан астам ғылым кандидаттары қатысып, алғаш рет жан-жақты тұжырымдама жасалып, әрі терең баға берілді. Мәселен: Түркия, Польша, Венгрия мен Ресей, Моңғолия, тағы басқа елдерден келген зерттеуші ғалымдар осы Халықаралық конференцияда бұл көтерілістің құндылығы Кеңес империясы мен «социалистік лагерьдің» ыдырап, демократиялық және ұлт-азаттық үрдістердің пайда болып, тез қарқын алуына бірден-бір күшті ықпал еткен саяси қадам болғандығын шынайы дәлелдермен нақтылады. Демек, бұл тарихи оқиғаның Халықаралық маңызына толыққанды нәтижелі талдаулар жасалды деген сөз.

Және жасалған конференция баяндамаларында: «Бұл көтеріліске қатысушылар: сапер күректері, сойылдармен қаруланған арнайы әскерилер мен КСРО Ішкі Істер министрлігінің оқу орындары курсанттары және қала зауыттарында әдейілеп дайындалған темір, болат құбырлар кесінділірімен, арматурамен қаруланған «жасақшылардың» (ДНД) аяусыз ұрып соққанына қарамай қарсы тұрған ерен ерліктері өшпес әріппен таңбаланып тарихта қалды. Алматы көшелерінде соққыға жығып қудалағаны аздай, абалаған иттерімен, БТР, милицияның ерекше отрядының жазалауымен бірге, 20 градус аязда суық су шашқанына да қарамастан қазақ ұлтының қайтпас қайсарлығы мен Азаттық пен Тәуелсіздікке деген таймас табандылығын көрсетті. Аяусыз басып-жаншылуына қарамастан көтеріліс үш күнге созылды...» деп атап өтті.

Міне, сол қасіретті көтерілістің бел ортасында болған – Қайрат Рысқұлбеков, жерлестеріміз Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова тағы басқа көптеген қазақтың өрімдей ұл-қыздары Тәуелсіздік жолында шейіт болып та кетті. Олардың әруақтары алдында бас иіп, ел мен жердің азаттығы жолындағы жан қиған ерліктерін жан-жақты насихаттап, жас ұрпаққа үлгі тұту әрқайсымыздың азаматтық борышымыз!

Ұлт тарихындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіру бағытындағы биылғы беташар игі бастамамыздың бастауы «Жаркенттік Желтоқсаншылардың» бейнесі бар билбордтың қала төрінен жарқырап орын алуы болды. Осынау жарқын істің жүзеге асуына қолдау көрсеткен Жаркент қалалық әкімшілігі мен Алматы қаласындағы Патриоттық Қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің төрағасы Б.Құрымбаев бастаған қоғам мүшелеріне шексіз алғысымызды білдіреміз!

Шараға қатысушылар Панфилов ауданы әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің басшысы Илипов Марат Тайлақұлының қабылдауында болып, желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызы, қоғамдағы орны, насихаттау іс-шаралары мен әлеуметтік мәселелері және қоғамдық шараларда әкімшілікпен бірлікте жұмыс жасауы жайында «Желтоқсан – 86» тарихи оқиғасының қатысушыларымен пікір алмасқан сүбелі сұхбат құрды.

Сөз соңында, Панфилов ауданы көлемінде өтіп жатқан «Біз – Тәуелсіз елдің ұрпағымыз!» атты онкүндік аясында «Жауынгерлік Даңқ музейінде» Жаркенттік желтоқсаншылармен кездесу өткізілетін болып келісілді.

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
«Жауынгерлік Даңқ музейінің» меңгерушісі,
Желтоқсан көтерілісіне қатысушы.

Ерім дейтін ел болайық

ҚАРАБАС БАТЫР ҚАЛТАРЫСТА ҚАЛМАСЫН

Патша өкіметі отарлап алған қазақ жерлеріне тұтастай билік жүргізу мақсатында әр түрлі саяси істер қолданғандығы мәлім. Сондай қитұрқылықпен жүргізілген істің бірі патша үкіметінің қол астына алу туралы жергілікті халық атынан сөйлей алатын жұртқа беделімен, ісімен ықпал ететін адамдардың уәдесін алуға тырысқандық. Қазақ жерінің солтүстігі мен батысын, оңтүстігін түгел жаулап алғаннан соң, көршілес Қытай елінің іргелес жатқан Жаркент пен Зайсан аймағынан жаңа округтер құру туралы жергілікті басқару органдары мен нұсқаулар, хабарламалар, хаттар алмасқандығы белгілі. Ресей патшалығының қол астына өткен Кіші жүз бен Орта жүздегі және Жетісудың оңтүстігіндегі қазақтардан бөлініп, көрші елдердің қол астында қалып қоймауды, болашақ ұрпақтарының сиырдың бүйрегіндей бөлшектеніп кетпеуін алдын-ала болжаған ру ақсақалдары, басшылары да ақылдаса келе, патша билігіне көшуге шешім қабылдаған.

Сол бойынша Алатау округінің бастығына Ресей Ішкі істер министрлігінің Жалпы істер Департаментіне 1884 жылы 25 мамырда арнайы нұсқау беріліп, 1867 жылы құрылған Жетісу облысының құрамында жаңадан Жаркент және Семей облысы құрамында Зайсан уезін құру туралы Дала генерал-губернаторлығына қаржы бөлініп, нұсқау берілген.

Айтар болсақ, Жаркент уезін құрудың негізіне 1845 жылғы мамыр айындағы Ұлы жүз сұлтандары билерінің Ресей мемлекетінің қол астына қабылдау туралы сұранысын пайдаланған. Келтіріп отырған архивтік деректерде Үйсін руларының сұлтандары, билері және құрметті мырзаларының рулары (Дулат, Суан, Шапырашты, Ысты, Андас, Албан) мен аты-жөндері көрсетіліп, олардың сұранысты растап, тамғасы мен мөрін қойғандығы көрсетілген. Жоғарыда аталған құжатта Суандардың Бәйтүгей, Тұрдымбет, Мұрат рулары жазылған. Құжаттағы көрсетілген Суан руларының өтінімін растаған билердің бірі – Қожманбет Ибеев Тұрдымбет, Мұрат рулары үшін тамға басса, Бәйтүгей руы атынан сұранысқа Қарабас Дуванов (Дуанов) мөрін басып тіркелген. (Дереккөзі: Қазақ ССР Орталық архиві, 374 қор, жазбаша 1 құжат 1669, 2-3 бет)

«Бөлінгенді бөрі жейді» дейді қазақ халқы. Олай болса, осы тәуелсіздік күніне дейін елді біртұтас етіп жинап отырған елге адалдықпен қызмет атқарған аталардың есімін ұлықтап отыру елдің, жұрттың ғана есінде болуы емес, мемлекеттік деңгейде көңіл бөлетін мәселе. Сондықтан да ел қорғаған батыр, жұрт үшін жаралған Құрымсыұлы Қарабас батырдың аты ұмытылмауы тиіс. Халқының сөзін ұстаған, елтұтқасы болған бабалардың есімін жаңғыртып, ұрпақтарға ұран етіп жеткізіп отыру – біздің басты парызымыз.

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы»
газетінің Бас редакторы.

ЖҮЗ ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ЖАРКЕНТ

(Жаркент уезі. 1926 ж. 01 қаңтардағы мәліметтер бойынша)

Осынау жазылып отырған тарихи мәліметтердің барлығы да Патшалық Ресейдің бодандық саясатының тереңдеп еніп, әкімшілік – басқару реформаларының біртіндеп жүзеге асырылған жылдарынан ақпарат береді. Империялық отарлау саясатының басы, орыс үкіметінің тоқтаусыз жіберілген «экспедицияларының» қазақ жері, елі, табиғаты мен жер асты – жер үсті байлығы туралы жинаған мәліметтерінен басталады. Одан бергіге қылышын жалаңдатып ақ казактардың келуі, күшпен тартып алынған қазақтың шұрайлы жерлеріне Ресейдің ішкі аудандарынан «қарашекпенді» келімсектердің жер аударылып, орналасуы және бар. Сондай-ақ, басқыншылықты ту еткен отаршылдық бағыттағы бұл сұрқия үрдіс Қытай мен Патшалық Ресей арасында болған 1881 жылғы Петербург келісімінен кейінгі Қытайдың жазалауынан қашқан ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударып келуіне ұласты.

Туған жер тарихынан сыр шертетін осынау шежірелі жазбамызды Жаркент уезінің жалпы көлемі мен шекарасынан бастар болсақ, орналасқан жері Жетісудың оңтүстік-шығысына тән болып келеді. Шығысы мен оңтүстік-шығысында көрші Қытай елімен, Оңтүстік-батыс және Батыс жақ шегі бауырлас көршіміз Қырғыз ағайындармен, әрі қарай жағалай жылжысақ Алматы уезімен, ал, солтүстігі бір губернаторлыққа бағынатын Талдықорған уезімен шектеседі. Патшалық Ресейдің отарлау саясатының құрығына ілінген бұл уездің алғашқы кезеңдегі деректеріне сүйенсек сол басқыншылардың жазбаларында – Жаркент өңірінің «жер телімі» *(Жаркент участогі)* болып бекітілген, сонау 1867 жылдан бастау алады. Кейін, жылдан-жылға күшейтіліп, бодандық саясаттың аяусыз күшпен жүзеге асырып отырған әкімшілік басқаруға енгізілген өзгерістеріне байланысты 1882 жылдан бастап атауы – Жаркент уезі болып ауыстырылды. Сол XIX ғасыр аяғындағы жасалынған есеп бойынша Жетісу аймағының жалпы көлемі: 31.952 кв. версттан – 49.940 кв. верстқа дейінгі ұланғайыр жер аралығын алып жатқан болатын. Сонымен «жаңа жерді игеру» демек, қазақ ұлтын отарлау, жою ісі, яғни жер көлемі, табиғаты, қоршаған орта, жергілікті халқы, мал саны, олардың тұмыс тіршілігі тағы басқа қажетті деген мәліметтер мен деректерді каттап, жоғарыға Ресейдің Жоғары мәртебелі император ағзамға «есеп берумен» басталған. Міне, қазақ халқына бодандықтың бұғауын кигізу жоспары осылай басталып, әрі қарай жылдан жылға қасірет пен қайғы әкелген аяусыз езгі мен қырып жою арқылы жүзеге асқан отаршылдық саясаттың жазалау шараларына ұласқан еді. Бұл сұрқия саясатты Кеңестік қызылдар өкіметі одан әріге жалғастырып әкетті. Сөйтіп, қазақ ұлтының басына қара бұлт үйіріліп, үш ғасырға созылған қайғы мен қасіреттен көз ашпады...

Ендеше сол кезеңдегі қазақ жері жайындағы алғашқы ақпараттар тізбегіне жататын, ел мен жердің өткенінен хабар беретін қысқаша тарихымыздың беташарын уездің **тарихи-географиялық орналасуы** жағдайынан бастайық:

Жаркент уезі 42º 12 - 44º 48 солтүстік ендік пен 46º 53 - 50º 87 шығыс бойлық бойында *(От Пулкова)* жатыр. Демек, орналасу жағдайына байланысты жер бедерінің ерекшелігі оның климат пен табиғат кешендерінің қалыптасуында өзіндік ықпал ететіндігі сөзсіз.

Жер жағдайына келсек Шығыстан Батысқа қарай қақ ортадан ағып жатқан Іле өзені екіге жарып-солтүстік пен оңтүстікке бөлген таулы аймақ болып келеді. Бұндағы жер үсті бедерлерінің өзгешелігі сол маңды мекендейтін тұрғындардың шаруашылық әрекеттерінде де маңызды рөл атқарады. Байыптап зерделеп көрсеңіз бұндағы жер бедерінің қалыптасуына ертедегі және осы күнгі мұз басулардың күшті ықпал жасағандығы айқын көрініс береді. Мысалы, жазықтар мен тау аңғарлары егін шаруашылығымен айналысуға әбден қолайлы. Сондай-ақ, көк шалғынмен көмкерілген тау беткейлері төрт аяқты мал үшін тамаша жайылым ретінде пайдаланылады. Солтүстік жағы Іле өзенімен қатар көлбей жатқан ұлан-байтақ қазақ жерінің оңтүстік – шығысын алып жатқан ұзындығы - 450, ені 100 - 250 шақырым болатын Жетісу Алатауымен айшықталған. Бұл тауымыздың басты биік бөліктерінің бәрін мәңгі қар мен мұздықтар жапқан. Тау құрылымы кембрийге дейінгі жыныстар мен палеозой жыныстарынан тұрады. Құрамы – гнейс, кристалды тақтатас, кварцит, мәрмәр және әктастардан құралған. Тау аралық аңғарлар мен қазаншұңқырларда, тау етектерінде палеоген мен неоген шөгінділері кездеседі. Және орналасу биіктігі жоғарыдан етегіне қарай бірнеше сатылы болып келеді. Әрі қарай сипаттап айтсақ – шығыс беті Қытаймен шекараның арғы тұсында қалған Борохоро өзені, ал, бергі батыс беті Көксу өзендерімен бөлініп жатыр.

Жетісу Алатауы аталатын, асқар шыңдарын ақ қар мен мұздықтар басқан алып тау сілемі көмкеріп жатыр. Теңіз деңгейінен 3200-3500 м биіктіктегі мәңгі қар сызығымен деңгейлес болып келетін бұл аймақтағы – Үйгентас, Қапал, Қазан аталатын жер бөліктеріне қарасаң, жан сарайыңды жадыратар таза ауа мен табиғаттың көз тоймайтын сұлулығының жасылға оранған Альпі көгалымен керемет үйлесім тапқандығын көруге болады. Тау басынан оңтүстікке қарай еңістеп жүре берсеңіз балқарағайы мен түрлі бұталары қалың өскен беткейлер мен тасты жарып сарқырап ағып жатқан тау өзендерін жағалай жүріп отырып көз сүріндірер ғажайыптарға куә болып, небір асулар, шың-құздар мен бірге ені тар тау аңғарларын да басып өтесіз. Жаркентке жақындаған сайын терраспен төмендеп еңістей отырып жер жағдайы толқынды жазықтарға айналады. Тау бөктерлері мен етегінде жерлер қаратопырақты болып келеді де, төмендеп жазыққа ұласа бастаған жерлері ашық сұр түске айналып, Ілеге құяр аумақта құмға жалғасып, ұсақ тастақты, шағылды жерлерге айналады. Және тағы бір ерекшелігі осынау солтүстіктен оңтүстікке қарай көсіліп жатқан таулы аймақтың сай-саласынан ағып шыққан: Қорғас, Тышқан, Бұрхан, Өсек тағы басқа кішігірім өзендер сарқыраған күйде Іле өзеніне қарай бағыт алады. Бірақ, бұлардың ішінен тек біреуі, яғни, Өсек өзені ғана Ілеге жетіп құяды. Қалған өзен сулары жолай суармалы егістікке пайдаланылып, одан асқаны жерге сіңіп жоқ болады.

Уезд аумағының солтүстік – батыс бөлігін алып жатқан Жетісу Алатауының оңтүстік – батыс жағы іркес – тіркес жалғасып жатқан келесі тау тізбектеріне ұласады, мәселен ретімен айтар болсақ: Матай, Алтынемел, Доланалы, Қыстық, Текелі, Белағаш, Күнгей, Теректі тағы басқа да таулы аймақтарға ұласады. Аталған тауларға қатарласа керуеннің шашылған теңіндей болып Итшоқы тауы орналасса, екі аралықта андыздай болып Бурақожыр (Бөріқұзар) өзенінің алқабы жатыр. Бұл таулардың бәрі географиялық белдеудің мәңгі қар ширегінде орналасқанымен олардың ешқайсының басында мұздықтар кездеспейді. Тау етектері шөлейтті жерге айналып, оңтүстік жағы Қату таумен қоршалып, әрі қарай Ортаумен жалғасып барып батысында Қалқан таумен қиылсады. Осынау өңірден тарамдалып ағып шығатын Қойбын, Қоңырөлең, Айнабұлақ атты шағын өзендерден тек Бурақожыр ғана Ілеге жетіп жығылады.

Жаркент уезінің оңтүстігіне – Іле өзенінің оң жағалауына жататын арғы беті кіреді. Оңтүстіктің шығыс бұрышы қазақ жерінің оңтүстігі мен оңтүстік – шығыс жағын алып жатқан, көптеген шатқалдармен тілімделген Тәңір тауының (Тянь - Шань) солтүстік сілемдерімен толығумен қатар, ең биік шың Хан Тәңірімен (7300 м) тоғысады. Аталмыш таудың солтүстік беткейі біраз көлбеу орналасқанымен көптеген көлдермен, ағыны қатты сарқырамалы тау өзендерімен қатты тілімделген. Таудың түзілу ерекшелігі – ежелгі шөгінділер мен атпа жыныстардан, құмтастардан, порфирден және гранит пен гнейстен тұрады. Сондай-ақ, түстікте осы таудың ең биік жоталарының бірі – Терісқейдің шығыс тармағы арқылы қырғыздармен, ал, батысы қытайлармен шектескен аумақтың барлығы да мәңгі қар белдеуінде жайғасқан. Ал, оңтүстік – батысы шағын жолақ арқылы қырғыз жері мен Алматы уезіне ұштасса, батыстан шығысқа қарайтын ұлан-ғайыр аумақты шың-құздарын мәңгі қар мен тоң мұздықтар басқан Іле Алатауы алып жатыр. Уездің оңтүстік-шығыс бөлігінің солтүстігімен төмендей келе қары қалың биік асулар: Асутөр, Текесбасы, Ұлытау сілемдерімен қатар, Қақпақты, тағы басқа жекелеген таулар тізбегімен жалғасады. Текес өзені саласын сол және оң тарапынан қоршап жатқан, Қытаймен шекараға дейінгі алқаптың солтүстік-шығысы мен оңтүстік-батыс жағын ала – Қаратау, Шұбартау, Айғыржал таулары созыла орналасса, Текес өзенінің басталар жерін қарға оранған Қапыл, Лабасы таулары алып жатыр. Әрі қарай Текес өзені алқабының солтүстігінен, кері бағытта: демек солтүстік-шығыстан оңтүстік батысқа қарай сол жағынан Қаратау, оң жағынан Кетпен тауының оңтүстік бөктерлерімен шектескен Шалкөдесу өзенінің алабы басталады. Жан-жағы түгелге жуық таулармен қоршалған батыстағы Шалкөдесу өзенінің ағысы төмендеп тау етегіне түсе келе Тоғай және Шарын болып аталады. Шарын өзенінің аңғарлары ашық түсті саздар мен ұсақ шағыл тасты болып келсе, Шалкөдесу өзенінің жағалаулары қаратопырақты, қара қоңыр саздауыттардан тұрады. Ал, Текес пен Шелек өзендерінің алқаптары құнарлы қара топырақтар мен қара қоңыр саздардан тұрса, тау етектерінде ашық сұр түсті саздауытпен қатар шағылды, сортаң жерлері де көптеп кездеседі.

Уездің географиялық орналасуына байланысты қалыптасқан **табиғат зоналарына** келсек, топырақ жамылғысы мен өсімдіктер әлемі теңіз деңгейінен қанша биіктікте болуына орай өзіндік ерекшелегімен таң қалдырады. Мәселен, 3000-3600 м биіктіктен жоғары жағының бәрі мәңгі қар мен мұздықтардан тұрады. Осынау суық белдеуден төменгі аралықта да табиғи заңдылықтар әсерінен ағаштар мен түрлі өсімдік түрлері мүлдем кездеспейді. Одан төменгі деңгейдің солтүстік беткейлерінде қарағайлы ормандар басталады, ал, уездің күнгей жағы тіршілікке қолайлы ығысып тұрған жасыл желек жамылғысымен көмкерілген.

Тәңіртаудың (Тянь-Шань) оңтүстік жақ беткейлері жақпар және қорым тастарға толы болғандықтан өсімдіктер жамылғысы жоққа тән, тек анда-санда арша мен дала өсімдігінің сирек түрлерінің кездесуі мүмкін. Ендігі тағы да төмендеп келесі табиғат зонасына тоқталар болсақ, бұл белдеуде өсіп тұрған қылқан жапырақты ағаштар мен көгалды өсімдіктер, тау шабындықтары, мейнам *(жауын суымен суғарылатын егістік)* және аласа бұталардың түр-түріне өте бай. Аталмыш тау бөктерлерінен еңістеп жазыққа түссек, суармалы егістіктер мен көгалды шабындыққа тап боламыз. Осынау аумақтағы үлкенді – кішілі өзен жағалаулары қалың өскен ши мен қамысқа толып тұр. Іле өзені бойындағы ши, қамыс пен суармалы егістіктер мен шабындықтар алыстай келе шаңытып жатқан құмтөбелерге жалғасады.Тау басындағы мұздықтар осы аумақтың өзен, көлдер суларының негізгі қорек көзі болумен қатар, табиғи реттеушілік қызметті де қоса атқарады.

Жаркент уезінің жер асты қойнауында жатқан **пайдалы қазбаларына –** тоқталар болсақ, жер астының кен байлық қоры аз және де жан-жақты зерттелмеген, сол үшін де ешқандай өндірістік, шаруашылық қажеттілікке пайдаланылмайды. Сонда да болса пайдалы қазбалардың халық шаруашылығы үшін маңызы зор екендігін бәріміз де білеміз. Тек бір ғана шаруашылық – қайнатпалы тұз өндірісі бар, ол осы өңірдің Бура-Добосын көлінен ғана өндіріледі. Ой елегінен өткізіп, саралап айтар болсақ уездің Кетпен тауы маңайынан басқа, бұрындары алтын қоры табылып шағын алтын шаю жұмыстары жүргізілген кеніштер орны сақталған. Бұндай кеніштер болған жерлердің тізіміне – Кеген, Өсек, Қорғас, Баянкол өзендері жағалаулары мен Ойжайлау жатады. Ал, күміс кенінің қоры Кетпен таулары мен Қандысу өзені алқабында және темір рудасының кендері – Кетпен тауындағы Ойжайлау, Текес өзендері маңайында, сондай-ақ, Қату тау мен Айнабұлақтан 20 верст қашықтықтағы жерлерде орналасқан. Бұған қоса ден қойып, есепке аларлық пайдалы қазбалар қатарына – Көмірші аңғарындағы қорғасын, күміс кендерінің көне орындары мен Жетісу Алатауының оңтүстік етегіндегі таскөмірдің мол қорын айтуға болады. Және бұл тізімге: Өсек, Бұрхан өзендері аңғарындағы, Қалқан тау тізбегіндегі, одан әріге Текес өзенінің жоғарғы ағысы аймағындығы табиғи байлықтар – мрамор, торф, әк тастары мен гипс, алебастр қорларын қосыңыз.

Ендігі кезекте уезд аумағын екіге бөліп жатқан, қала берді бүкіл Жетісу өлкесінің ең ірі су көзі болып саналатын **Іле өзеніне** қысқаша сипаттама беріп өтейік. Негізгі қоректену көзі – қар, мәңгі мұздықтар, жаңбыр мен жер асты сулары және өзен атырабы қамысты, тоғайлы болуымен ерекшеленеді. Тасу мерзімі – көктемгі күн жылуы әсерінен таулардағы төменгі белдеу қарларының еруінен басталып, жазғы ыстықтағы жоғарғы қар мен мұздықтардың еруінен одан әрі күшейіп күзге дейін жалғасады. Нәтижесінде, тау беткейлерін бұзып ағатын тасты-лайлы су тасқындары жиі қайталанып тұрады. Бұл су айдыны өзінің бастауын Хантәңірі шыңына жақын орналасқан Терiскей таудан алып, алғашқыда – Текес деп аталады. Мәңгі тоң мен қар суларының алаптары бір арнаға тоғысқан күйде оң қапталдан басталып, солтүстік-батысқа қарай ағады да біршама аумақтан соң тіке шығысқа бұрылады. Жолай оң жағалауы арқылы: Көкпек, Баянкол, Нарынқолдың суларын қосып алып, Жетісу жерінен шығып шығыстағы Қытайға жеріне ілігеді. Бұл тараптағы ағыны қатты Күнес өзенін өзіне қосып алып ағысын қайта солтүстік-батысқа бұрған мезеттен бастап – Іле өзені болып аталады.

Содан жайлап келіп Қорғас өзенінің құйылар тұсына жеткеннен бастап Жаркент уезінің жерін бойлай өтіп, батысқа қарай аққан күйі Балқаш көліне барып құяды. Іле өзенінің жалпы ұзындығы Текесті қосқанда 1200 верст, оның 700 верст шамалы ұзындығы қазақ жерімен өтеді. Бұл өзеннің шекараның арғы бетіндегі Құлжа қаласы маңындағы енінің ұзындығы 160 м, Алматы уезі маңында 215 м болса, одан төменгі ағысының кейбір жерлерінде 1 км дейін барады, ал, тереңдігі шамамен орташа есеппен алсақ 1-9 м құрайды. Ағысы қатты, құбылмалы, кейбір аралықтарда жайылып ағады, суы тұнық емес құмды, лайлы болып келеді. Сол жақ қапталындағы Кетпен тауы қойнауынан ағып шығатын: Бөдеті, Кетпен, Сұңқар өзендері суларының шаруашылық мақсатында егістік пен шабындыққа кеңінен қолданатындықтан олардың ешбірі де Іле өзеніне жетпей, қалдығы жерге сіңіп жоқ болады. Және де өздеріңіз көріп отырғандай Іле өзеннің салаларынан ағып шыққан кішкене өзен сулары да түгелге жуық егінді суғаруға пайдаланылатындығын осыдан білеміз.

Ал, Кетпен тауының біткен жерінен ары қарай Іле Алатауына дейінгі егістік, шабындық жерлердің суарылуы Шарын өзенінің суымен қамтамасыз етіледі. Шарынның басы Қарқарадан асып, Текестің жоғарғы жағына жақын Шөладыр тауынан басталып оң жақ беткеймен шығысқа қарай ағады да ескі көл орнына барып құйылады. Оның Қытай шекарасына жақындау ағып жатқан сағасы Кетпен тауының басындағы су бұлақтарының алабынан басталады да солтүстік-батысты бетке алып сарқырап жатқан Шалкөдесуға келіп қосылады. Міне, аталмыш өңіріміздің өн бойын өрнектеп бар тіршілік атаулыға нәр беріп тұрған өзен сулары жайындағы қысқаша ақпаратымыз осымен тәмәм.

Сонымен, жазбамызды жалғастыра келе Жаркент уезінің жаңа бір қыры **– ауа райы жағдайын** қарастырайық. Өлкеміздің қоршаған ортасы мен табиғат зонасының төменгі бөлігінде шұғыл континенттік болғанымен, температуралық құбылыстарда айтарлықтай ерекшеліктер білінбейді. Жалпы шұғыл континентті дегеніміз – ауа райындағы қыс пен жаз температураларының айтарлықтай өзгешелікте болуы, мәселен, ауаның құрғақтығы, атмосфералық жауын-шашынның әркелкі түсуі мен қыстың қысқа әрі жұмсақ болуы. Ауа ылғалдығының жылдық орташа көрсеткіші 145 мм, орташа температура – қаңтарда – 8,4º; сәуірде – 11,6º; маусымда – 24,3º; қазанда – 9,0º; қорыта айтқанда жалпы орташа жылдық көрсеткіші – 8,6º құрайды. Жазғы күннің ыстығы +30ºС төмендемейді, демек, жер қуырған аптап ыстыққа байланысты егіс дақылдарының күтімі тек суармалы әдіспен ғана жүзеге асады деген сөз. Қыстық ауа температурасы жұмсақ, қар жамылғысы жұқа, оның өзі де бір-бір жарым ай ғана жатып еріп кетеді. Қыстағы аязды күндердің -25ºС жетуі де сирек кездесетін құбылыс. Тағы бір өзгешелік: Іле өзенінің Жаркентке жақын жерлерінде мұздың қатуы да оншалықты қалың емес, болған күннің өзінде де 70-80 күннен соң еріп кетеді.

Бұл аймақтың ауа райына басты ықпал етуші негізгі күш батыс желдері. Ауа қабатындағы атмосфералық ылғалдың түзілуі мен көктем, жаз және күзгі жаңбырдың жаууы: Қара теңіз, Жерорта теңізі, Атлант мұхитынан келетін ылғалды ауаларға байланысты. Дүниежүзілік мұхиттар мен теңіздерден мыңдаған шақырым алыс ара қашықтықта орналасуына орай жаз бойы небәрі 2-3 рет ғана жаңбыр жауады. Ауа құрамы ылғалдығының шамадан тыс артуы көктем мен қыс айларына дәл келеді. Көктемнің басы наурыз айларында уездің жан-жағынан таулармен қоршалған ортаңғы және батыс бөлігіне қарағанда, оңтүстік және солтүстік жақтарында ауа райының қатаңдығымен ерекшеленіп тұрады.

Жыл маусымдары арасындағы ауа температурасының ерекшеліктері әсерінен осы аумақтағы климаттың континенттігін үнемі арттырып отырады. Ауа райының аздаған осындай өзіндік өзгешеліктеріне қарамастан астық пен жеміс-жидектің де көптеген түрлерінің өсетіндігі және бар. Мәселен, Жаркенте, Шонжыда, Шарында – абрикос, шабдалы, жүзім, күріш, бидай, апиын, жүгерімен қатар мақта да өсіріледі. Қыс айлары ерте түсіп, қарлы болғанымен күрт өзгеріп, құбылып отырады. Сондықтан да суыққа төзімді қылқан жапырақты ағаш түрлері – шырша, май қарағай, бал қарағай, самырсындар биіктеу тау беткейлерінде өссе, аласа таулы белдеулері - қайыңды, жабайы ағашты, алма, өрікті доланалы тоғайлардан тұрады. Ал, одан да биік таулы белдеулері шымды – шалғынды, бұталы шалғынды болып келеді. Және де тау бойының биік жерлерінде ячмень, одан жоғары аумақтарда жер өңдеу шаруашылығымен айналысуға ешқандай да мүмкіндік жоқтың қасы. Уездің өзіндік табиғи қалыптасу заңдылықтарына қарай жылдың төрт маусымы да жанға жайлы, шаруашылыққа және тіршілікке өте қолайлы болып келеді.

(Жалғасы келесі нөмірде)

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

АЛТАЙДАН КЕЛГЕН АРУ

немесе бір отбасы тарихынан үзік сыр...

Әр ауылдың көпке үлгі, төңірегіне төгер өнегесі мол адамдары болады. Міне, біздің Қоңырөлең деген атына заты сай қоп-қоңыр мінезді ауылымыздағы сондай шаңырақ иелерінің бірі – Смағұл аға мен Күләш жеңгеміз еді. Ол кісілермен бір көшенің бойында көрші тұрдық. Анам, Сайыпжамалдың Күләш келіні десе, жаны бөлек болатын. Тіпті бір әулеттің ғана емес, ауылдың сүйікті келіні атанған ол кісіні ауылдағы қызы өсіп келе жатқан кез келген шаңыраққа үлгі етіп отыратын. Тектi жерден шыққаны көрініп тұр дегенді де жиі еститінбіз. Ол кезде біз де баламыз, тек деген сөзді түсіне бермейтінбіз. Сөйтсек, тек деген адамның тамыр жаяр тұқымының тазалығы, бекзаттылығы екен ғой, оған Смағұл аға мен Күләш жеңгеміздің өткен өмір жолы арқылы көз жеткізуге болады.

КҰЛЖА. ПЕКИН. БІЛІМГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ

1950-ші жылдардың орта тұсы. Қазақтың оңтүстік-шығысын жайлаған қазақ арасында «арғы бет, арғы жақ, аржақ» деп атанып кеткен Қытай Халық Республикасының шегаралас жерінде қазақ тарихындағы Қызыл төңкеріс, ашаршылық, нәубет сияқты қилы себептердің бірімен сол «арғы бетке» қоныс тепкен Мырзагелді – Әлпейісұлы Тұрдыақынның отбасында төрт ұл құлын-тайдай тебісіп, ер жетіп, есейіп қалган шағы еді. Төртеуі де оқуда алғыр, істе тыңғылықты болатын. Әр отбасында болатын балалық тентектіктері болмаса, төртеуі де текті мінездерімен ерекшеленіп тұратын. Айтса айтқандай-ақ, отбасының тұңғышы Әзімақынның жастығына қарамастан ақыл мен сабырға толы болмысы – кейінгі жылдарда әулет туған елге оралғанда қамшының сабындай қысқа ғұмырында жас болса да елағасы атандырып, артынан із қалдырды. Ақсақалдың кенжесі Исаның да білімге деген құштарлығы мен зерек қабілеті – қазақ білімінің қара шаңырағы Абай атындағы ҚазПИ-дің математика факультетін үздік аяқтаған Жаркент өңірінің жоғары білімді маманы атандырды. Ол кісі де Қонырөлең орта мектебінен талантты шәкірттерін тәрбилеуде ұстаз ретінде өз қолтанбасын қалдырды.

Отағасының ортаншы балалары – Тоқтасын мен Смағұл да Шығыс Түркістан қазақтарына берілген білім жүйесінің барлық баспалдақтарын Құлжа қаласында оқып, сол елде арнайы білім алуға талпынып жүрген шақта Іле бойы қазақтарының күн тәртібінде «туған елге оралу» мәселесі бой көтере бастаған кезі еді. Сондай күндердің бірінде балаларының ішіндегі момыны Смағұлы келіп: – Аға, (қазақтың дәстүрімен үлкендер тұрғанда өз әкесін аға дейтін салтпен)

Бейжіңнен бір топ оқытушылар келіп, бізден сынақ алды, бір ұйғырдың баласы екеуміз Тибет медицинасы бөліміне қабылдандық, – деді қуанышы қойнына сыймай тұрса да сабыр сақтап. Отағасы баласының біліміне сенсе де, ұлдарының ішіндегі біртоға Смағұлдан мұндай жетістікті күтпеп еді. «Заман болса мынау, бір күнде мың құбылып тұр. Бөгде елдің заңы мен саясаты қазақты қысып барады. Ертеңіміз не болары белгісіз, ішкі Қытайға оқуға кетсең, балам, қытай болдым дегенің», – депті сөзге шешен, қазақтың арғы-бергі тарихына жетік әкесі. Смағұл әке сөзінен аса алмай, оқуын әрі қарай жалғастыра берді...

Тағы да үлкен қаладан оқытушылар келіп, қазақтың зерек балаларын емтихан арқылы бұл жолы Пекиннің Идеологиялық жоғарғы мектебіне қабылдайды. Смағұл да емтиханнан сүрінбей өтеді. Ауылдағы әкесіне айтса, жібермейтінін біліп, бұл жолы Құлжа қаласындағы қызметтегі ағасы Әзімақынның ғана рұқсатын алып, Бейжің қайдасың деп жолға шығады. Балаларының ішінде өзіне тартқан екінші ұлы Тоқтасынға қарағанда момын деп жүрген Смағұлының іштей қайсарлығы мен бірбеткейлігін отағасы өзіне айтпастан оқуға «қашып» кеткенінде бір-ақ білді. Ұлының момын көрінгенімен осы бірбеткейлігі елге оралғанда алдынан тағы шығатынан ол кезде әрине білген жоқ...

Қазақ шәкірттерін Іле бойынан Бейжіңге мәшинемен алып шығады. Осы кез тарихтан белгілі болғанындай – Алтай-Баркөл қазақтарын бастаған Оспан батырдың бас көтерген тұсы екен. Содан болар, жолбасшылары түнде жол жүргендерінде жастарға тоқтатпастан қазақша ән айтқызады екен, келе жатқандардың өз қандастары екені білінсін деп. Жазғы демалыстарында елге жібермей, Сары өзенінің жағасында орналасқан жаздық лагерьде қалады. Сөйтіп Бейжіңде екі жылға жуық білім алып жатқанында, ауылдан «елге, туған жерге көшеміз» деген хат келеді. Туған жердің топырағын іштей аңсайтын жас жүрек үшін бұл бір үлкен жаңалық еді.

ЕЛГЕ ОРАЛУ

Арғы беттен келіп жатқан көштің бірімен Боранбай – Әлпейіс әулеті де айтқанындай туған елге табан тіреді. Туған-туыстын бірі – кеш, бірі – ерте тарихи атамекенге оралып жатты. Шегарадан өткен соң, Тұрдыақын Әлпейіс ұлының отбасын туған жері – Жаркент өңіріне тоқтатпай, сол кездегі Павлодар облысына қарасты Бесқарағай ауданына қоныстануға жібереді. Қазақстанда екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі ел еңсесін көтермеген кез, экономикасы оңалып кете қоймаған, ер-азаматтың көбі соғыстан оралмағандықтан жұмыс күші аз, қиыншылық уақыт еді. Сол кезде «арғы беттен» оралған сайдың тасындай төрт жігіт колхоздың егінін орып, жерін жыртып еңбекке қызу араласады. Қашан да көзі қарақты Тұрдыақын сол кездегі орталық коммунистік партия басшыларына кіріп, балаларының білім алғанын, арнайы мамандықпен жұмыс істеуге қабілеттерінің де, қарымдарының да жететінін айтып жатып Жаркент жеріне орналасуға рұқсат алады. Ата-баба қонысына келген соң, балалары Кеңестік білім жүйесіне қайта бейімделіп оқып, елге қызмет ете бастайды.

1959 жылы Смағұл да Жаркент қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектептің 10-сыныбын оқып, Кеңестік орта мектепті бітіргені туралы аттестатын алғаннан кейін сол кездегі ел экономикасының қажеттілігін сезініп, техникалық жағынан да білімін жетілдіруді көздейді. Талдықорған қаласындағы ауыл шаруашылығы училищесінде оқып, тракторист-машинист мамандығын алады. Десе де бір кездегі арман қуған бозбаланың көкейінде дәрігерлік мамандық тұратын еді. Елге оралғанына айналасы екі-үш жыл ғана болғандықтан, орыс тілін жеткілікті дәрежеде білмегені медициналық оқу орнына тапсыруға қолбайлау боп, алдынан шығады. Сонда да білімге деген құштарлығы, Құлжада оқыған математика, биология пәндерінен алған терең білімі нәтижесінде Смағұл сол жылы Талдықорғандағы зооветеринарлық техникумының студенті атанады.

Елге келіп балаларынын алды оқуын бітіріп, қызметке араласып, кейінгілері техникум, инстититутта білім алып жатқан Тұрдыақынның да ендігі арманы – балаларын аяқтандыру еді. Отағасы ата салтымен өздері білген көргенді жермен құдандалы болып, алғашқы келіндерін түсірді, немерелі болды. Оқудағы Смағұлына да лайықты жерден қыз айттырып, ұлы дипломын қолына алып келгенде үйлендіруге тас түйін боп отырған еді. Алайда, студенттік кештердің бірінде Смағұлдың қалауы сұңғақ бойлы, шашы тобығына түскен қыр мұрынды қазақтың қара көз, бидай өңді аруына түседі. Білім қуған жылдар артта қалып, дипломымен бірге сол аруды да жетелеп, құда болатын жермен сөз байласып отырған әкесінің қара шаңырағына бірге келеді. Адуын мінезді Тұрдыақын екінші рет «момын» ұлының өмірлік жар таңдаудағы шешіміне қарсы келе алмайды.

ҚОНЫРӨЛЕҢ. ІСМЕР КЕЛІН

Жоңғар Алатауының көз тартар бөктерінде орналасып, ортасынан қақ жарып тау өзені сарқырап аққан, қоңыр самал желі қашанда тынысыңды ашқан Қоңырөлең ауылына 1962 жылдың қоңыр күзінде келген сонау қойнауы алтынға толы Алтайда туып-өскен қазақтың сол қарагөз қызы Күләш – Боранбай-Әлпейіс әулетінің ғана келіні емес, міне, жарты ғасырға жуық Жаркенттіңісмер келіні, ағайынға қадірлі, кішіге қамқор, көпке сыйлы, абыройлы ақ жаулықты анасы атанды. Сүйегі – Найманның Қаракерейі. Күләштың ата-бабасы Қалба тауының мол қазынасы – темірден түйін түйіп, алтын өңдеп, елтіріден киім тігіп, халықтың кәдесіне жаратқан кәнігі Алтай өркениетінің ұрпақтары екен. Күләш қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданының Ақжал ауылында дүниеге келіпті. Атасы Ырысақ Шой ашаршылық жылдары берісі – Аягөз, арысы – Жаңғызтөбе мен Шардың айналасындағы елге қамқор боп, талай отбасының түтінін сақтап қалыпты. Өз әкесі Бекжан екінші дүниежүзілік соғыста Украинаның Днепр өзені жағасында ерлікпен қаза тапқан. Жастайынан қолы шебер келін келген бойда ауылдың жаңа ашылған халыққа тұрмыстық қызмет көрсету орталығында кәсіби тігінші ретінде жұмысқа орналасып, зейнетке шыққанға дейін осы салада қызмет етті. Жұмысынан тыс уақыттың өзінде ауыл-аймақ, көрші-көлемнің айтқанын жерге тастамайтын. Әсіресе сол уақытта киім-кешек дүкендерінде қариялар мен аналарымыз киетін қазақы киім үлгілері табылмайтын еді. Күләш болса, ешкімнің көңілін қалдырмай оларды да тігіп, үлкендердің батасын арқалаған жан. Ауылдың бой түзеген талай қыздары, бүгінде өздері де әже «бойжеткендер» Күләш жеңгеміздің қолынан шыққан қонымды көйлектерін жылдар бойы киіп тоздыратын. Сонымен бірге мұнтаздай ғып үй ұстауы, қонақ күтуі, балаларын талғаммен киіндіруі жас келіндерге үлгі-өнеге болатын. Ал, ұстаған қазан-ошағын айтсаңызшы. Төңірегін аппақ етіп әктеп, айналасына сан алуан түсті қоңырау гүлдер мен шырмауық егіп қоятын. Қазан-ошақтың басын дәл осылай күтіп ұстау ауылдың келіншектеріне менің анам мен Күләш жеңгейден тарады десек, артық болмас. Ол кісілер Қоңырөлеңнен қоныс аударып кеткелі талай жыл болғанмен, ауыл Смағұл аға мен Күләш жеңгеміздің қарапайым да кішіпейіл мінезін, дүние емес, төңіректеріне жақсы адамдарды жинай білгендерін жыр етіп айтып отырады.

Күләш жеңгеміздің талғамы мінсіз болатын. Талғампаз дегенде ойыма тағы бір жәйт түсіп отыр. Менің анам нағашы жұртын іздеп, 1970 жылдардың басында Ташкент қаласына сапарлап баратын болды. Ол кездің алыс-жақын шетелі бізге – Мәскеу, Ташкент болатын. Ауылдағы осы «үлкен жаңалықты» естіп, үйге Күләш апай келді. «Тәте, сізге айтар бір бұйымтайым болып тұр, қыздарыма Ташкенттен кестелі тақия әкеп берсеңіз» деп ізетпен бұйымтайын айтты. Үйімізге, анама жол болсын айтып, келіп-кетіп жатқан көптің ойына да келмеген бұйымтай еді шынымен. Содан анам сапардан оралғанда мақпал матаға өзбектің жібек жібімен кестеленген екі тақия әкеліп бергені бар. Ол тақияға сәнді етіп, өзбек матасынан көйлек тігіп, тақиясын жарастыра кигізіп, ертеңгілік бала-бақшаға алып бара жатқанда Смағұл ағаның Гүлнары мен Гүлнұрына қызықпайтын адам болмайтын. Маған да мектеп бітірген жылы Күләш апайдың тігіп берген көйлегін университет бітіргенше кидім-ау...

Смағұл аға мен Күләш жеңгей өте еңбекқор жандар болды. Смағұл аға совхоздың зооветеринариялық саласынан кейін ұзақ жылдар білікті экономист маман ретінде қызмет етті, жас мамандар тәрбиеледі. Ағаның ішкі мәдениетінің жоғарылығы сол – өте қарапайым, әділ, адал жан ретінде есімізде қалды. Осындай қасиеттерімен жұртына сыйлы ел ағасы бола білді. Отбасындағы жарасымды сыйластық пен бір-біріне деген махаббаттан өмірге үш қыз, екі ұл келді. Бүгінде шүкір, Боранбаевтар әулеті десе, елең етпейтін жұрт кем де кем. Дүниемен емес, біліммен сусындаған ұрпағы шетел асып, Қазақстанның туын биік ұстап келеді.

«АСҚАР ТАУ – ӘКЕ»

«Біз, ата-анамыздан еңбексүйгіштік пен ізгіліктің, кісіліктің үлгісін алдық», – дейді ортаншы қызы Гүлнұр Смағұлқызы. «Әкем алғаш 1962 жылы сол кездегі «Октябрь қой шаруашылығы» – Қоңырөлең ауылына жас маман зоотехник – мал дәрігері болып, еңбекке араласқан күннен бастап, зейнетке шыққанға дейін бел жазбай еңбек етті. Жоспарлы экономикаға құрылған Кеңестік кезең ғой, Қазақ Республикасында қойдың санын 50 миллионға жеткізу деген міндет болатын, тарихтан белгілі, сондықтан сол уақытта адамның денсаулығымен бірге мал басының шығынын болдыртпау, малдың амандығы шынымен үлкен міндет еді. Әкем еңбек демалысы дегенді бергі уақытта болмаса, алған емес, қысы-жазы маман ретінде осы жұмыстың басы-қасында еді. Сондықтан көбінесе үйде анамның «ережелерімен» өстік. Әкем қанша жұмысбасты болса да, біздің рухани ой-өрісіміздің өсуіне, саналы білім алуымызда бірден-бір тұлға, терең білімді жан еді. Аспирантурада оқыған жылдарымда әкем ана тілінің Абыз анасы атанған алаштың қызы – ұстазым Рәбиға Сыздықпен танысуға Алматыға арнайы келді. Рәбиға апай мен Шахан Мусин ағайдың дастарханында отырып, «Рәбиға апай, сіздің Қытай қазақтарын аралаған іс-сапарыңызда жазған мақалаңызды оқыдым, жергілікті қазақтардың мақал-мәтелдерін жақсы айтыпсыз, «етті қызайша турап, құмайша жейміз бе» деген мәтеліңіз шынымен де ерекше екен» деп пікірлес болғанына Рәбиға апай балаша қуанып, көпке дейін маған «әкең қандай мәдениетті, жан-жақты білімді жан» деп айтып жүрді. Кейінгі жылдары ұстазыма: «Әкем немересінің атын Бекзат деп қойды, біз – Суанның Мырзагелді деген елінен боламыз. Әкем қазақтың салтымен келіндер атасының аты мен руын атамайтынын, сұраса, астарлап айтатын дәстүрін еске салайын деп, Бекзат деп қойды. Қазіргі келіндер «қайсы елсіңдер?» дегенде Мырзагелдіміз деп қарап тұрады, аналарымыз «Мырзагелді» деген руды Бекзат дейтін, соны еске салайын, біле жүрсін деп қойды» дегенімде, тіл тарихының бірегей маманы Рәбиға Сыздық әкеме қайран қалған еді. Әкемнің сол Бекзат деп есімін қойып кеткен немересі – қазір Анкара қаласында Жоғары Әскери Академияның Қазақстан Қорғаныс Министрлігі атынан барған курсанты. Әке өнегесі шынымен де біздің өмірімізге шырақ болды. Бала кезден әкем жаздыртып алатын сол кездегі қоғамдық-саяси газеттер мен бірге «Жұлдыз», «Жалын», «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері», «Білім және еңбек» сияқты көптеген қазақ ақпаратының әрбір басылымын тұрақты оқитын едік. Үйде сабақ оқитын бөлмеміздің бір қабырғасында жылтыр сапалы карта қағазына басылған дүние жүзінің физикалық картасы ілулі тұратын және орта доптың көлеміндей әдемі глобусымыз бар еді. Мен сол 5-6 сыныпта оқып жүргенімде, есімде, інілерім – Ғали мен Ғалымнан, әсіресе 2-3 жасар Ғалымның орындыққа шығып алып, глобусты допша шыр айналдыратынынан қорқып, қызғыштай қоритынмын. Жалпы сол кезде тек біздің отбасымыз ғана емес, ауылымыздағы көпшілік, сол жылдардағы ұрпақ оқуға, білімге құштар еді. Әр отбасының өзінің шағын кітапханасы болатын, жаңа шыққан шығармаларды бір-бірімізбен алмастырып оқу – ерекше бір дәстүр еді. Үйдегі бес баланың – ата-анамыздан алған ең үлкен байлығы – ***имандылық, біреудің ала жібін аттамау, ісіңе адалдық екен.*** 90-жылдары кеңестік жүйе ыдырап, пысықайлар халықтың ортақ қазынасын жекешелендіруге тырысып жатқан тұста, әкем бар ғұмырын арнаған шаруашылықтардың ешбірінен бір сабақ жіп алмай, ол кезде Айдарлы ауылында тұратынбыз, ауыл мешітіне ат басын тіреді, өзінің «арғы жақта» 9 жасынан бастап түскен мұсылмандықтың парызымен – ***ең басты байлығымен, намазымен қауышты***. Адалдығы сол ғой, әкеме мешіт жамағаты – ақсақалдар «Бұғалтыр бала» деп мешіттің азын-аулақ қаржысының есеп-қисабын шығартады екен. Әкем Айдарлы ауылында есепші-маман қызметінде жүріп, зейнеткерлікке 1994 жылы шықты», – дейді.

СӨЗ ТҮЙІНІ

Бұл күнде үлкендері мен замандастары, әріптестері Смаш деп ардақтаған, кішілері аға деп аялаған, осы ауданның өсіп-өніп өркендеуіне саналы ғұмырын арнаған **Смағұл Боранбайдың** өмірден өткеніне 20 жылдың жүзі болыпты. Пейіште нұры шалқығай! Ал, Смағұл ағаның жан серігі, шаңырағының шырақшысы болып отырған **«Алтайдан келген ару қыз» – Күләш бүгінде ғұмыр тауының 80-ші асуына аяқ басты. Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді дейді емес пе, сынын да сәнін де жоғалтпай,** ару Алматының төрінде, балаларының ортасында қазіргі немере-шөберелеріне тектілік пен еңбекқорлықты үйретіп, өнеге болып отырған аяулы әже. Айтса айтқандай, «отбасының кітапханасынан» оқып шыққан ұл-қыздары бүгінде әр салада еңбек етуде. Қазақстанға танымал Жаркенттің тумалары. Тұңғыштары тарих пәнінің маманы Гүлнар – 25 жыл ауданның білім беру бөлімінде бас маман болып мемлекеттік қызметте еңбек етті. Аудан шәкірттерін кітаппен қамтамасыз етуі – сол отбасы кітапханасынан басталған бір заңдылық сияқты. Гүлнар көп жылдар бойы білім бөлімінің ақпараттандыру, кітапхана саласын басқарды. Ал, «Тәшкеннен» келген кестелі тақияны киген қыздың бірі Гүлнұр – ғалым-аудармашы, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы, филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Алматы университетінде доцент-ұстаз, кейіннен Қазақстан ұлттық телеарнасында, Түркия Сыртқы істер министрлігінің консулдығында аудармашы, глобусқа «тыным бермейтін» ұлдардың бірі Ғали – география пәнінің маманы, Ғалым – ата-бабадан дарыған өнерді ұштастырып, суреттің Карикатура жанрында қазақтың атын халықаралық деңгейде танытып журген суретші, Асылы да – мұғалім. Өрісі – білім мен өнермен өрнектелген осы жандардың үшінші ұрпағы да сол ата-ана жолында берік болып өсіп келеді. Немерелері – Жанна, Дарын, Бейбарыс, Бекзат, Әділет, Іңкәр, Кәусар, Еркебұлан, шөберелері – Ақерке, Елжан, Айкөркемдердің және келер ұрпақтың да осы ізгі жолдан айнымасы анық. Өйткені, тектінің ұрпағы түбіне тартпай қоймайды...

Нұржамал БАЙСАҚАЛ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
Панфилов ауданының Құрметті азаматы.

МОЛОТТЫҢ МИУАЛЫ МЕЗЕТІ

Кейіпкерге кейіптеме:

Есімі *– Молот,* ***әкесінің аты*** *– Мұса,* ***тегі*** *– Солтанаев.*

Дүниеге келген кезі *– 1950 жылғы 12 қыркүйек.*

Туған жері *– Қорғас ауылы.*

Бастауыш білім алған ұясы *– Панфилов ауданындағы Алмалы ауылындағы мектеп, одан кейін оқуды Кеген ауданындағы Жалаңаш қазақ орта мектебінде жалғастырып, Басқұншы ауылындағы Крылов атындағы орта мектепті грамотамен бітірген.*

Білімі *– жоғары, 1981 жылы КазГУ-дің Тарих факультетін бітірген.*

Еңбек жолы *– колхозшы болып басталған. Одан кейін Күрті ауданының Құйған ауылындағы Н.Бозжанов атындағы орта мектепте қазақ-орыс сыныптарының тарих-география пәнінің мұғалімі, оқу ісі жөніндегі меңгеруші, Жалаңаш ауылындағы Средигор (қазіргі Бейсенбетов атындағы) орыс орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі, директордың еңбек жөніндегі орынбасары, Кеген орыс орта мектебінде директор, Панфилов ауданының Басқұншы ауылындағы Крылов атындағы орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі, Алмалы ауылындағы Елтінді батыр атындағы орта мектепте директор болып қызмет*

еткен. Сондай-ақ, Кеген аудандық мәдениет бөлімін де басқарған.

Атағы *– «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің озық қызметкері».*

Марапаттары *– «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне - 25 жыл» мерекелік медалі, ҚР Мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасынан бастап әр алуан деңгейдегі грамоталар мен дипломдар.*

Шығармашылығы *– мектеп қабырғасында жүргенде-ақ жергілікті газетке өлең, мақала, фельетон жазған. Сахнада ән салып, сықақ оқып, домбыра оркестріне қатысқан. Батырлар жырын, «Манасты», тағы басқа да ауыз әдебиетінің жауһарларын май шаммен қойшыларға оқып беріп жүріп, түгелдей жаттап алған. Колхоз жаңалығын оқитын дикторлықты да атқарған. Облыстық, республикалық ақындар айтыстарының жүлдегері атанған. «Ауылым баурайында Бестөбенің», «Жүрегім құрақ жапырақ» атты жыр жинақтарының, «Тағдырлы тарихымның түпқазығы» атты тарихи-танымдық кітаптың және «Жаңа технологиямен жұмыс» атты әдістемелік үлгінің авторы. Бірнеше ұжымдық кітапқа топтама өлеңдері енген. Қазір Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Аймақтық «Жаркент айнасы» газетінің бас редакторы.*

Иә, Мәкеңнің ресми мансаптарының мәртебелік мөлшері мен Қорғастан – Күртіге дейінгі «маршруты» осындай. Сәп салып сараптасаңыз, сүйсінтерліктей-ақ сүрлеу. Азамат ретінде «Менмін» деп, мерейі өсіп, мейманасы мейміldей тасуға тұрарлық-ақ мезеттер. Өзі – қазақылықтың қаймағы қалың қауымнан шыққан қарасирақ. Сөйте тұра сонау кемелденген кеңестік кезеңде ормандай орекеңдердің өрендерін өргізіп-жусатқан ождандығын, ерік-жігерінің екпінділігін қараңыз! Қос бірдей орыс мектебінде қатардағы мұғалімнен мүйізі қарағайдай директорлыққа дейін дәуірлеген. Ойын баласын «Орыс келе жатыр!» деп қорқытатын ортада өскен оның осыншалық ойдым-ойдым ойпаңнан өтіп, қыр басынан қасқая қарап тұруына не себеп?! «Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» дегендей, о заманда дұрысы да дұрыс, бұрысы да дұрыс «ұлы» ұлттың тұқым-тұрпағынан тайсалмай ортасынан ойып тұрып төрден орын алуына серпін берген қандай күш?!

Сол шақтағы сын-сымбатын, кескін-келбетін көрмедік. Бірақ, бірінші рет кездесіп, тереңдей тани бастаған жиырмаға жуық жыл бедерінде білгеніміз: «Қазақ қайсы?» дегенде «Мынау!» деп, ауыз толтыра айтып, көрсетуге болатұғын баһадүр. Иә-иә, қателескен жоқсыздар, Баһадүр! Кәдімгі зор кеуделі, сом білекті, бура санды, өңі өктем, жүріс-тұрысы ширақ, шықшыты шытырлаған, дауысы дауылпаздікіндей, қайшылықта – айбарлы, алайда, жайшылықта – жайдарлы азамат. Айтыскерлігі мен ақындығын айтып, жоғарыдағы ресми деректерінде дәйектедік. «Аузында әзілі жоқтың белінде шоқпары жүреді» деген ғой, жасынан әзіл-қалжыңға да үйір боп өсіпті. Сөздері мірдің оғындай, «...деген екендері» денеңді дір еткізеді. Қашан да қасына кісі үйіріліп, әңгіме-дүкен құрып жүргені. «Атым орыс болғанмен, затым – қазақ» деп қойып, қасындағыларды күлкіге көмеді.

Бірде Мәкең атқарып жүрген қызметін өткізіп беріп, үйде демалып жатады. Жора-жолдастары топ-тобымен келіп, халін біліп кетіп тұрады. Сондай кезде ағасы Жолшы *(Кеген аудандық «Хан тәңірі» газетінің редакторы)* солардың үстінен түсіп:

– Мәкен-ай, мыналар неғып жүр? – деп сұрайды. Сонда бұл:

– Жөке, жақында менің қызметім қайтыс болған. Жігіттер соған көңіл айтып келіпті, – депті жайбарақат.

Қылыштай қиып түсер мұндай кесімді сөз кез келгеннің тіл ұшына кенеттен келе қоюы екіталай. Мұның мәнісінде Мәкеңнің сәл-пәл кейіген кейпі мен келеңсіздікті кездіксіз бауыздаған сөзсемсерлігі менмұндалайды. Сонымен бірге, әрі ең бастысы – кейіпкеріміздің «қолдың кіріне» бола жаси қоймайтын ірілігі рең беріп тұр.

Осы сөйлемдегі «ірілік» сөзі індете ойлануымызға ілік: Мәкеңнің туған атасы Солтанай сом тұлғалы тарландардың сойынан, таусоғарлар тобынан болған екен. Әйтпесе, тегін адам атаман Дутовтың көзін жою операциясына алынып, ажал апанына жүрегі дауалап бара ала ма?! *(Қазір Алмалы ауылында бір көше сол атасыныңың атымен аталады)*. Туған әкесі Мұса да елдік іске енжар қарамайтын еті тірі кісі болыпты. Кер заманның кесірінен «Халық жауы» ретінде бес рет ұсталып, бес рет қамалған. Бірақ бес ретінде де ұзамай-ақ ақталып шыққан. Әкесі Солтанайдың атақ-даңқының арқасында. Ағасы Ауғанбай да осындай жалаға душар болғанымен босап келіп, ауыр науқастан қайтыс болған. Екінші ағасы Еркінбай 1943 жылы он сегіз жасында Отан үшін от кешіп, 1944 жылы Махачкаладағы госпитальда көз жұмған. Сүйегі сол қаланың ортасындағы зиратта. Тағы бір ағасы Беркінбай – мамандығы бойынша бастауыш сынып мұғалімі еді. Өзі ақын, редакцияда да жұмыс істеген. Алайда, 1967 жылы морфлоттағы әскери қызмет кезінде Даманск ұрысындағы жарақаты салдарынан кейін қайтыс болған. Мәкең – осындай тектілердің тұяғы, асылдың сынығы. «Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан» деген де сөз бар. Бұл тұрғыдан таразылағанда да асығы алшысынан түскен жиен. Туған нағашы атасы – Албан Шоғаннан шыққан атақты Сымтік болыс.

...Жүрген кезде Анам байқұс күн санап
Құдайына мінәжат қып, «Аллалап!».
Қыркүйектің тамылжыған таңында,
Дүниеге мен келіппін іңгәлап.

Көрші кемпір сергек сезім есеппен,
Оянып кеп таңда жылы төсектен.
Жерден мені көтеріпті аялап,
Кіндігімді кесіп тастап кесекпен.

Әжім басқан жүзінен нұр шашырап,
Қалт-құлт басып, қолдары да қалтырап,
Кіндігіме тигізіпті бір шым-шым
Қаным тамған жерден алып топырақ.., –

деп «Мен туған күн» жырында дүние есігін ашқан сәтін өлеңмен өрнектеген Мәкең:

– Шешем Рәбиға латынша оқи алатын. Әлі көз алдымда, «Зингер» деп аталатын тігін мәшинесі бар еді, соны зырылдатып, әр түрлі тұрмыстық бұйымдар мен киім-кешектер тігіп отыратын. Текемет пен сырмаққа ою-өрнек оятын, ән де айтатын. Қорғастағы «Совинторг» мекемесінде аспаз болған. Соғыс кезінде бірнеше жетім баланы қамқорлығына алып, бауырына басыпты. Солардың бірі – қазіргі Крупская атындағы орта мектептің директоры Зинатбүви Ниязованың әкесі – Абдулла (*лақап аты «Абдул қазақ»)* деген кісі екен. Қызының айтуынша өмірден өтерінде балалық шағы ойына оралып: «Әй, сол апайға дұрыстап бір рахмет айта алмадым-ау» деп өкініпті, – деп еске алады марқұм анасы туралы.

1985 жылы Алматы қаласында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығына арналып облыстық ақындар айтысы өтеді. Сонда Мәкең жүлдегер атанып, қазылар алқасының төрағасы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей өзі қазақы дәстүр бойынша шапан кигізген екен. Бірақ, шапан шақ келмей қалып, «Өй, өзің де бір анаң балпанақтай ғып туа салған бала екенсің»

деп бүкіл залға естірте әзілдей күліпті. Өзікеңнің тіл-аузы тасқа, Мәкең сол бағы мен бабы келіскен «балпанақтай» қалпынан танбай, талай жыл айтыс сахнасының сәнін кіргізіп жүрді. Кейінірек тәлімгерлікті қолға алып, Кеген өңірінде алты жылда алты бірдей айтыскер ақынды тәрбиелеп шығарды. Бұл шәкірттерінің арасында Бек Оспанов бұның баптауымен Дүниежүзі қазақтарының бірінші халықаралық құрылтайында беташар айтып, Ақтөбеде өткен Тама Есет батырдың 325 жылдық мерейтойына арналған айтыста бас жүлде, Ақтауда болған Қашаған Күржіманұлының 175 жылдығы мен Алматы облысының құрылғанына алпыс жыл толуына бағышталған тойда бірінші орын алды. Бүгінде есімі бүкіл елге белгілі қаламгер Есей Жеңісұлын да жасөспірім шағынан қолынан жетектеп жүріп шығармашылықтағы жеңісті жолдарға бастады.

Бір ұрты май, бір ұрты қан кенестік биліктің кезінде ұлттық өнерді дамытуға көп көңіл бөлінгенін ешкім жоққа шығара қоймас. Әсіресе, жыл сайын дәстүрлі түрде көктемгі каникул күндері өткізілетін көркемөнерпаздар олимпиадасы талай-талай «жанам деген жүрекке от бергені» рас. Аспан таулар елі ауданы аймағында өткен осындай өнер додаларында Мәкең басқарған мектеп өнерпаздары бірнеше жыл қатарынан бірінші орын алып, халық өнерінің қайнары қайдан бастау алатынын қапысыз көрсетті. Мамандығы бойынша майталмандығы өз алдына, бойына атаның күші, ананың сүтімен дарыған өнерпаздық қасиеті, ұтқыр ұйымдастырушылық қабілеті, ең алдымен, ұлттық рухының озықтығы оны қатарынан оқ бойы алға оздырып, өзгелерден оқшау оғлан екенін аңғартты.

Бұл – әйгілі «Желтоқсан көтерілісі» тоталитарлық режимнің іргетасын тітіретіп, тәу етер Тәуелсіздігіміздің арайлы таңы қылаң бере бастаған тұс, нақтырақ айтқанда, өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңы еді. Яғни, бүкіл Одақта, күллі республикада, оның ішінде жергілікті ұлттар жиі қоныстанған шалғайдағы аймақтарда әлеуметтік-экономикалық шиеленіс шегіне жете шырыға түскен кез. Бодандықтағы бұқараның басып-жаншылған рухы біртіндеп буырқанып, басын байлап-матаған бұғалықты быт-шыт етіп үзетін тың серпілісті сәтті тұншыға күтіп жатқан шақ. Осындай сындарлы сәтте ұлы дала төсінде дәуір тынысын дәл танып, замана тамырын тап баса білетін ел ағалары түгесіле қоймағаны қандай жақсы десеңізші! Солардың бірі – сол кездегі Кеген аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Бексырға Данышпанов болатын. Бірнеше жылдың бедерінде оң назарына іліккен, халықтық істе қашан да оңқай асық секілді алшысынан түсіп жүрген Молотты алдына арнайы шақыртып: «Ал азаматым, өзіңдей қазақы қалыптан шыққан қабілетті де қайратты күрескер жандардың күні туды. Қолыңды қақпаймын. Іске сәт!» деп батасын берді. Сөйтіп, ол ордабұзар отыз жастан асып, қамал қиратар қырыққа қарай қадам басқан қалпында Кеген аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып шыға келді. Халқымыздың ұлттық салт-дәстүрі мен жұрттық жөн-жоралғысы саф күйінде сақталып, айрандай ұйып отырған аспантаулар аясындағы аймақтың бүкіл мәдениет пен өнер саласының екі тізгін, бір шылбыры қолына еркін тиді. Сонымен «Сөзден тайсаң – саған серт, істей алмасам – маған серт!» деп белді бекем буынды да екі білекті сыбанып іске кірісті де кетті.

Алдымен аз-ақ уақыттың ауқымында аудандағы бір жүз алпыстан астам адам істейтін Мәдениет үйлерінің, кітапханалардың, кинотеатрлардың, малшыларға қызмет көрсететін автоклубтардың, «Қызыл отаулардың» жұмысын жөнге келтіруге күш салды. Ертеректе тарап кеткен Тоғызбұлақ халық театрының 25 жылдық мерейтойын өткізіп, оған мәдениет үйі мен автоклубтардың әншілерін қосып әртіс етіп, бірталай уақыт халыққа мәдени қызмет еткізді. Мәдениет үйлерін күрделі жөндеуден өткіздірді. Арнаулы білімі жоқ өнерпаздардың барлығын Қаскелеңдегі мәдени-ағарту училищесінің директорымен келісіп оқытып, диплом әперді. Мұғалімдердің аудандық көркемөнерпаздар байқауын жыл сайын «Ел іші – өнер кеніші», «Көненің көзі – асылдың өзі», тағы басқа да тақырыптарда ауыстырып өткізіп, оны атауына сәйкес қорғатуға басымдық берді. Аудандағы он тоғыз автоклубтың сегізін жаңалатты. «Жас ақындар мектебін» ұйымдастырып, қажетті қаржы бөлдіртіп, арнайы үй жасатты. Сексенге жуық адамнан құралған халық

аспаптар оркестрін ұйымдастырып, нарынқолдық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, Шыңжаң университетінің түлегі Тілеужан Сақаловтың Қытайдағы шертпе күйдің шебері Қожекенің цифрлық нотаға түсіріп әкелген екі күйін тыңдармандар назарына ұсынды. Екі бірдей көркемөнерпаздар ұжымына «Халық ансамблі» атағын қорғатты. «Ереуіл» фольклорлық ансамблін құрып, атақты шебер Дәркембай Шоқпарұлымен достығының арқасында бүкіл аспаптарын, өнер құрал-жабдықтарын «Мирас» орталығы арқылы қамтамасыз етті. Өнерпаздардың сахналық киім-кешектерін Абай атындағы опера және балет театрының директоры Базарғали Жаманбаевпен келісіп, «КазТО» шеберханасында тіктірді. Ұлттық нақышпен әсем безендіріле тігілген бұл бұйымдар ұзақ жылдар бойы пайдаланылып, облыстық, тіпті республикалық өнер бәсекелеріне қатысқан көптеген өнерпаздардың бағын ашуға себін тигізді. Аудан өнерпаздарының сахна артындағы көріністі бейнелейтін құрылғысы елдің назарын

ерекше аударатын. Өйткені, ондай бірегей дүние (*задник)* ол кезде тек «Қазақконцертте» ғана бар еді. Ауданның түпкір-түпкіріндегі елді мекендерді қалдырмай аралап жүріп тапқан бірталай жыршы-термешілері кейіннен облыстық, республикалық байқаулардың жүлдегері атанды. Бүркітшілер бәсекесінде де топжарған кегендіктер көп. Киіз басып, одан түрлі тұрмыстық заттар мен ұлттық киім-кешектер жасағандардың да әрдайым мерейі үстем болды. Тіпті бір шебер апай өз қолынан шыққан киіз қалпақтың бірін елге келген сапарында тікелей Елбасының өзіне тарту етіп, ризашылығын алған.

Опера және балет театрының арасында атақты Б.Төлегенова, Б.Әшімова, Н.Үсенбаева сияқты күміс көмей әншілері бар жүзден астам әртісін арнайы шақырып, Кіші Жалаңаш пен Қарқараның Мыңжылқысында керемет концерт бергізгенін бүгінде ел аңыз ғып айтады. Бұл қазір айтуға ғана оңай. Ал шын мәнінде оған орасан зор ұйымдастырушылық шеберлік, темірдей төзім мен қыруар қажыр-қайрат жұмсалғанын бастан өткергендер ғана түсінеді.

Осындай қат-қабат ұйымдастыру істерін қарқындатып атқарып жүргенде: «Мынау жұмыстардың көпшілігі аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары мен аудандағы рухани салаға жауапты хатшының функциясындағы шаруалар ғой. Сен неменеге сонша тыраштанасың?» дегендер де табылды. Бірақ, бұл бөгелмеді. Қанына сіңген қалыппен қасиетті халықтық істі одан ірі қарқындата түсті. Ұлы Абайдың 150 жылдығына арнайы іс-шаралар жоспарын жасап, байқаулар, көрмелер, концерттер ұйымдастырып, «Қыз сынын» өткізді. Өзі «Өлеңмен өрнектелген өмір» атты пьеса жазған болатын. Оны аудандық байланыс бөлімінің өнерпаздары облыстық байқауда көрсетіп, бас жүлдеге ие болды. Қорытынды концертте Кеген қазақ орта мектебінің ұжымы да сахналады. Одан кейін Жаркент жерінде де сахналанып, Көкталдағы Абай атындағы орта мектепте Мақытбек Тұрлыбаевтың бастамасымен қойылды. Биыл Ғалымжан Рысбаев басқаратын Еңбекші орта мектебінің сахнасында да көрсетілді.

Әдетте, Мәкеңнің әр әрекеті өзінше өзгеше әдіспен әдіптеліп, тосындығымен таң қылатыны оны танитындардың бәріне де таңсық емес. Бұнысы шығармашылығынан ізденісінен де шаң беріп тұрады. Мәселенки, «Этнографиялық өлең» деп ат қойып, айдар таққан мына жырына ден қойыңызшы:

Десек те, түнде жым-жырт,
Көк шалғын іші сырт-сырт.
Балауса үзіліп бырт-бырт,
Күйістегі мал күрт-күрт.
Шал жөтеліп күрк-күрк,
Бәйбіше ұрсып бұрқ-бұрқ.
Бұрышта тоқал жырқ-жырқ,
Күң сөйлейді күңк-күңк.
Домбыра үні тыңқ-тыңқ,
Қыз күлкісі сылқ-сылқ.
Келін мәз боп сыңқ-сыңқ,
Бала аунақшып қыңқ-қыңқ.
...Сарқырап өзен гүр-гүр,
Ынтызар көңіл жүр-жүр.
Қыз сыбырлап кір-кір,
Бозбала жүрек дір-дір...

Одан әрі тыңдай түссеңіз... кешірерсіз, оқи берсеңіз өзіңіздің де бүкіл өне бойыңыз дірілдеп-қалшылдап, бір суып, бір ысиды. Жым-жырт түнде біресе жын буып, бақсы ойнағандай, біресе денең дел-сал боп, ләззатқа тояттағандай күй кешесіз. Өмірдің өзіндей өлеңнің өзекті күйдірген өртінің әсер күшінен-ау, сірә. Өйткені, жалын-жырдың құрылымы да қызықты, мазмұны да мәйекті. Ұйқастары да ұтымды, тіл тапқырлығы тәнті етерлік. Қысқасы, қазақы тірлікке қанық қаламгердің қаламынан шыққаны еш күмәнсіз.

Ақын Мәкең «Қорғас» деген өлеңінде:

Садақ тартып, қыл бұғалық сүйреткен,
Тұлпар мініп, тарпаңдарды үйреткен.
Кең даланы айбынымен теңселткен,
Бұл Қорғастан бір заманда Ғұн өткен.
Қымыз ішіп, ет пісірген істікке,
Қоныстанған Алатау мен Үстіртке.
Өрнек салған алтын алқа, белдікке,
Бұл Қорғаста шөлін басқан Скиф те.
Көп тарихы қалған қалың қатпарда.
Атын естіп, патша талған тақтарда,
Шашасымен шаң қаптырған жауына
Бұл Қорғастан атпен өткен Сақтар да.., – деп толғайды.

Ертеректе жазған болу керек бұл жырды. Себебі, өз өлеңіне өзек еткен Қорғасын, оның бар атырабын жыр дүрбісімен барлаған елжанды ұл сол өлеңнің соңында:

Бәрі өтті белгісіз боп тұрақтары,
Көкейде түгенделмес сұрақ қалды.
Тарихыңды білмек боп қойнауыңды
Айтшы қане, бел шешіп кім ақтарды?
Қорғасым – тал бесігім, туған жерім,
Сыр айтады сыбырлап самал желің.
Түп тарихым тұншығып төскейінде,
Таптап жатыр табаны саудагердің, – деп аһ ұратыны бар.

«Өлең шіркін өсекші, Жұртқа жаяр сырыңды» демекші, жүрек түкпіріндегі осынау зар-запыраны жыр тілімен жалпақ жұртқа жария болғанымен құзырлы орындардың құлағына ілінбей қор қылды-ау. Сонымен, «Бақытты болса екен деген ойдан, Бақытты қылсам деген ойға келдім» деп жыр жазып, бір ақын бауырымыздың бір іске бекем бел буғаны секілді Мәкең де табан астында тапталып жатқан туған жер жер мен туған елдің тарихын бұрын өлең арқылы жоқтаса, енді оны тереңдете зерттеуге тарихшы ретінде бел шеше, білек сыбана өзі кірісті. Сөйтіп, осыдан оншақты жыл бұрын өзі туып-өскен Қорғас, Алмалы, Басқұншы өңірлерінде алғашқы адамдардың салған таңбаларынан бастап, қола дәуірдегі тастағы суреттерден, пиктограммалардан бастау алатын Үйсін дәуірінің ескерткіштері тұнып жатқандығы, атап айтқанда, әртүрлі жер қазу жұмыстары кезінде саздан жасалған қыш құмыралар, көзелер, құмғандар, тағы басқа да көптеген тарихи жәдігерлер табылғандығы туралы жергілікті басылымдардан – орталық газет-журналдарға дейін мақалалар жариялады.

Соның бірі 2014 жылы 15 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Жас археолог» деген жарияланым еді. Оны оқыған академик, тарих ғылымдарының докторы, атақты археолог Уахит Шалекенов Молотқа арнайы хат жазып: «Жаркент Ұлы Жібек жолының бойындағы көне қалалардың бірі...» дей келе, «...аттары аталған жәдігерлер ғылымға қажетті бұйымдар» деп, бұған алғыс айтыпты. ҚазҰУ-де оқып жүргенде деканы болған ғалымға Мәкең дереу телефон шалғанда ол кісі тағы басқа да біраз жайттарға қанығып, ұзатпай тиісті орындармен байланысуды ұсыныпты. Алайда, бұл Алматы қаласындағы археологиялық институттағылармен хабарласқанда олар: «Табылған жәдігерлерді бізге өткізіңдер» деуден аспапты. Тек сәті түсіп, атақты академик, тарих ғылымдарының докторы Карл Байпақовпен хабарласқан соң ғана жұмыс орнынан қозғалған. Содан 2015 жылдың күзінде ол кісі жанына американдық үш археолог-ғалымды және өзінің ғылыми қызметкерлерін ертіп Алмалы ауылына арнайы келген. Мәкең оларды тікелей өзі күтіп алып, бұл мәселе туралы сол кездегі аудан басшылығын ресми түрде хабардар еткен.

Бұның ұзақ жылдар бойы тірнектеп жинаған тарихи жәдігерлерін көріп, жете танысқан атақты археолог олардың біздің дәуірімізге дейін ІІІ ғасырдағы Үйсін мемлекеті тұрғындарының тұрмыста қолданған бұйымдар екендігіне көздерін жеткізген. Содан соң бұған рахметін айтып, Дүние жүзі археологтары симпозиумының «Энтузиаст-археолог» төселгісін омырауына таққан. Осы сәтті істер одан әрі жалғасып, 2016 жылы тамыз айында Үшарал ауылының іргесіндегі ХІІІ ғасырға жататын Ілебалық шаһарының қирандысының орнына қазба жұмыстары басталды. Мұнда 2017-2018 жылдары жүргізілген зерттеулер нәтижесінде көптеген құнды жәдігерлер табылды. Қазба жұмыстарын жүзеге асыруға қаржыны К.Байпақовтың ықпалымен Швейцариядағы «Еуропа-Азияны зерттеу» қоғамының президенті Кристоф Баумер бөлгізген екен. Осынау ежелгі қала орнының айқындалып, қазба жұмыстарының жүргізілуі – Мәкеңнің бастамасымен, оны әлемдік деңгейдегі атақты археолог-ғалымдардың қолдауымен «Жаркенттану» тарихына қосылған орасан зор еңбек болды. Енді Мәкең К.Байпақовпен ежелгі Шығу қаласының орнын, яғни, Басқұншы өңірін зерттеп көру туралы келісіп, белгіленген келер күнін күтіп жүргенде ол кісі шетелдік өте маңызды кездесуге шақырылып кеткен екен. Алайда, арнайы хабарласып өзінің жолы түспесе де қол астындағы археология институтының ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Дөкей Тәлеевті жіберетінін айтыпты.

Бір қуаныштысы, ол кісі келген кезде Мәкеңмен бірге жергілікті тарихшы Қали Ыбырайымжанов және «Қазақпарат» халықаралық агенттігінің Жаркент аймағындағы тілші-шолушысы ретінде мен де бірге болған едім. Археолог-ғалыммен бірге Ілебалық қаласының орнындағы қазба жұмыстарымен танысып, ондағы зерттеу істерін жүргізіп жатқан қызметкерлермен жолықтық. К.Байпақовтың айтуы бойынша Басқұншы ауылы орналасқан жерді спутник арқылы көрген Д.Тәлеев сол маңды одан әрі іздеп, Үйсін Күнбиі ордасының орналасқан орнында да болдық. Академик ағамыз осы жұмыстың арнайы жоспарын жасап, сызбасын да сызған сияқты. Бір өкініштісі, әйгілі археолог 2018 жылдың қысында дүниеден озып, Шығу қаласының орнына жүргізілетін қазба жұмыстары уақытша тоқтап қалған тәрізді. Алайда, тумысынан туған жері мен елінің тарихына жанашыр, патриот, ұлтжанды арда ұл Молот Мұсаұлы бұл істің аяқсыз қалмайтынына бек сенімді.

Бүгінде жетпіс жастың желкенін керіп, өмір-өзенде өршілдікпен өрге жүзіп келе жатқан Мәкеңнің миуалы мезеттері туралы әңгімемізді осымен түйіндерміз деп топшылап едік. Бірақ, даңқы дүйім жұртқа мәлім Дүрәлі Дүйсебайдың фейсбуктен көзіміз шалып қалған төмендегі жазбасы ойымызды тіптен тереңдете түсті:

«1975 жылы КазГУ-дің дайындық курсына оқуға түстік. Әскерден арнайы жолдамамен келдік. Емтихан тапсырған жоқпыз, бірақ Қожекеев бастаған қатал ұстаздардың сүзгісінен өттік. Түсе алмай қалғандар да болды. Аттарын атамай-ақ қоялық, олар келесі жылғы сұрыптаудан кейін ғана студент атанып жатты. Бұл жерде мен дайындық курсына түсу кейбір жағдайлар болмаса, оңайға түспегенін айтып отырмын. Бізбен дайындық курсында оқығандар қатарында белгілі саясаткер Дос Көшім, кеше ғана дүниеден өткен қоғам қайраткері Жұмабек Кенжалин, «Қазақстан-Тараз» телеарнасының директоры Мейрамбек Төлепберген, белгілі журналистер бүгінде марқұм Болатбек Орманов, Абдолла Сүлеймен Алтый, әлеуметтік желіде ойлы пікірлерімен жалт ете қалатын Нұртай (біз үшін Карл) Елназар, басқа да лауазым иелері, ғылым докторлары, ел басқарған азаматтар болған еді. Осылардың арасында Молот Солтанаев деген ағам ерекше жарқырап тұратын. Бізден бір-екі жас үлкендігі бар еді. Күреске де бірге қатыстық. Өзінің жүріс-тұрысымен-ақ бізге үлгі бола білген азамат. Сымбатты, емен-жарқын, парасатты көрінген. Оқу бітіріп, әрқайсымыз әр тарапқа кеткен соң, бір-бірімізден көз жазып қалдық. Көз жазып дейміз-ау, кейде бір-бірімізбен кездесіп қалғанда, болмаса газет-журналдарды ақтара қалғанда «Пәлеше анда, түгенше мында жүр екен ғой» деп еске алып қоятынымыз бар еді. Молот көкем «бір ауданда мәдениет бөлімінің бастығы екен» дегенде «ол кісінің орны одан да биік еді ғой» дейтінбіз. Таяуда Мәкең хабарласып, әрнені еске алып бір жырғап қалдық. Әлгінде ғана ФБ «бүгін көкеңнің туған күні» деген соң өткен күндерге оралғаным ғой. Туған күніңіз құтты болсын, Мәке!».

Иә, есімі елімізге кеңінен таныс қаламгердің өзі: «Молот көкем «бір ауданда мәдениет бөлімінің бастығы екен» дегенде «ол кісінің орны одан да биік еді ғой» дейтінбіз» депті. Ден қоя қарап, дендей үңілсек, Дүкең дұрыс деген екен!

Осы арада филология ғылымының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлының пікірі де санамызға сап қалды. 2004 жылы Астанадағы «Елорда» баспасынан Мәкеңнің «Ауылым баурайында Бестөбенің» атты тұңғыш жыр жинағы жарық көрді. Сол кітапқа жазған беташар сөзінде бұл белгілі ғалым да: «Мен Молот Мұсаұлын Кеген ауданының Мәдениет басқармасын басқарып жүрген кезінен білемін. Сол кездегі ұлттық мәдениетіміздің табиғи қалпының сақталуына қалтқысыз қызмет еткен патриот азамат ретінде елдің есінде қалған Молот көптеген игі істердің ұйытқысы болды. Әр ауылдың мәдениет ошағының оты маздап, әр жүректі жылытты. «Наурыз» мейрамының аудан көлемінде тұңғыш өткізілуі, айтыс мектебінің ашылуы, термеші-жыршылардың тұңғыш байқауының ұйымдастырылуы, басқа да ұлттық мәні бар мәдени шаралардың үнемі жұрт көңілінен шығып жатуы, меніңше, Молот Мұсаұлының азаматтық келбетін айқындайтын факторлар. Ондай елдің келешегі үшін атқарылар іске елжандылық та, ұлтжандылық

та, отаншылдық рух та, патриоттық сана да қажет. Ондай қасиеттер мен қабілеттер көбіне ақынжанды адамдардың бойынан табылады. Молотқа «ақынжанды» деуден гөрі, «ақын» деген эпитет келетінін оның өлеңдері дәлелдейді. Молот – өлеңге таласы бар қазақтың бірі. Бірақ ол, бойындағы ақындық таланттың соңына түспеген, күн сайын өлең жазбаса ұйықтай алмайтын өлеңшілікті де кәсіп етпеген. Көкейіне оралған шумақтарды сол қалпында қағаз бетіне түсірген де соны қанағат тұтқан. Сол қанағат тұтқан шумақтарын жалпақ жұртқа жария етуге де асықпаған, соны тіпті жөн санамаған да. Әйтпесе, сонау бозбала кезінен жазып жүрген өлеңдерін үнемі газет-журналдарға жариялап жүрсе, көптің сын тезінен өтіп, талай таразыға тартылып жазғандарына өзі де сын көзімен қарап, әр сөз, әр тіркесін екшеп, електен өткізсе, бүгінде өзі шыңдалған, өзгені де мойындатқан, баршаға танымал ақын болғандай екен...» депті. Сәп сала сараптасақ, Сәкең де саңылауы барға сіңімді сөз айтыпты.

Ақиқатында да, ортаның аты – орта. О баста-ақ ол Алматыдағы әдеби, не ғылыми топқа тап болғанда, немесе қайраткерлік қарым-қабілетін ыстыққа да, суыққа да салып қайнататын, қақтайтын билік қазанында піскенде құлашын кере сермеп, қанатын кеңге жаятын қыран құстай қазағының көгінде халқына жағар қаракетімен тым биікте қалықтары хақ еді. Әйтсе де, құдайға тәубе, «Батырға оңы да бір, солы да бір» демекші, алтын бесік – ауылында қарапайым күн кешіп жүріп-ақ Мәкең «Міне, азамат!» дейтіндей қыруар іс тындырып келеді. Іс болғанда да, бас бармақпен бағаларлық!

Нұр ӘДІЛ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ҚАЛҒЫМАЙТЫН ҚАЛАМ ИЕСІ

Жетісу өлкесінде алып қарағаш бар. Құдайдың құдіреті, қасиетті қарағаштың діңін айтыңыз, бес-алты ересек кісі құлашын кең салғанда құшағына әрең сыяды. Көлеңкесін айтыңыз, елу аттылы адамға сая болардай. Ағаштың тұрпаты – таңғажайып, дүние жаралар сәттегі хаос секілді. Ел оны Әулие деседі. Жаратушы иеміздің жарылқаушы мейірі түскен уәлидің бірі сол. Сол Әулиеағаш топыраққа дән болып түскелі, шыбық болып көктегелі жеті ғасырдан астам уақыт өтіпті.

Астам дегенде, алпыс жылдың шамасын айтып отырмыз. Алпысты айтқанымыз, сол қасиетті қарағаштың тамыры жайылған топырақта Әулиеағаш ауылы бар, сол ауылда жазушы Жүсіпбек Қорғасбек өмірге келген. Алып ағаштар мекенінде туған қаламгер бүгін алпыс жасқа толып отыр. Әр қаламгер туған топырақтың өз ерекшелігі болады ғой, бірі – асқақ таулардың бауырында, бірі – айдынды көлдердің, өр өзендердің жағасында, енді бірі – ел көшіп тауыспас иен дала, еркін байтақта. Жалпы, жазушының табиғаты өзі туған топыраққа тартатыны да рас. Жазушы Жүсіпбек Қорғасбектің болмысбітімінде, кісілік табиғатында, адамдық бейнесінде сол алып ағаштардан дарығандай айшықты қасиет көп.

Алғадай дегендер болады екен, әскердің алғы шебінде жүретіндер. Атойлап майданға кіретіндер. Басқаша айтқанда, авангард. Кейінгі толқынның өкілі ретінде алдымыздағы асуларға көз салғанда, ағалардың қалың қарасын көреміз. Соның арасында әрдайым жазу үстінде, сөз үстінде, ат үстінде, қаркет үстінде жүретін қаламгерлер көп емес. Сол ат төбеліндей аздың бірі – Жүсіпбек Қорғасбек десек, қателесе қоймаспыз. Ашылмаған тақырыптар, айтылмаған сөздер қайда, жақсының мерейі, жастықтың жалты қайда, елдің мүддесі, ердің бағасы қайда, мәдениет мәселесі, әдебиет мінбері қайда, жазушы Жүсіпбек Қорғасбек сонда.

Азия қаламгерлері форумында айтқан бір сөзі жазушының шығармашылық болмысынан хабар береді: «Соңғы жылдары түрегеп тұрып жазуды әдетке айналдырдым. Жұмыс кабинетіме соған ыңғайлы мінбе сатып алдым. Үйде де терезенің алдында тұрып жазғанды жақсы көрем. Мұны шығармашылық адамының жазуға деген адалдығынан деп білем. Қалам қалғып кетпеуі керек деп ойлаймын. Осындай жазушының жазғаны керек пе, керек емес пе?».

Осыны естігенде көз алдыма қайыңның қабығына, үйдің қабырғасына, қыш кірпішке ойып өлең жазып тұрған ақын келді. Ақын өлеңді неге қағаз бетіне түсірмейді? Себебі өлең күтпейді, өлең – сол сәттің перзенті, оның серті – сол сәтте. Ол жарқ етіп жанған жай отындай, оның жарығымен кітап оқып үлгермейсің. Ол мөлт ете қалған көз жасындай, сол сәтте ғана өмір сүреді. Серт секілді, қайталап айтпайсың. Өлең сол сәтте түсірілуі керек. Ол – дүние дегбірсіздігін жүректен өткізу. Жазушының балалық шағы жайлы естеліктеріне оралғанда, төбе құйқаны шымырлатар осы бір өлең қуаты жайлы жазбаға тап боламыз. Өзі де шығармашылық жолын өлеңмен бастаған жазушы «төбенің ғарышпен байланысар тұсы ашығандай» деп әсерлі суреттейді. Ол – ақын жүректі жазушы.

Жазушының «Үлпілдегін» оқыған кезде осы бір дүниені сезініп едік. «Үлпілдектің» поэтикалық қуаты, өлеңдей төгіліп түскен өрімі, кенеттен селк еткізер тосын иірімдері әсер етпей қоймаған. Сонда қара сөзбен жырлаған Жүсіпбек Аймауытов, Оралхан Бөкейлердің санатына кейіпкерімізді де ойша қосқанбыз. Сол селк еткізер иірімдер «Жансебілде», «Қасқыр-адамда» ой дірдегіне ұласады. Жазушы өз кейіпкерлерінің қилы тағдыры, азапты өмірі арқылы жан мен жүректің алуан сезім кешуін береді. Дауыс дірілінің бой дірдегіне өтуі, оның ойдың қалшылына ұласуы.

Осы бір мазасыздық, дегбірсіздік күйі, осы бір алаң мен абыржу, қобалжу, қоғам, адам өмірінің өзегін көктей өтіп жататын белгісіз бір дірдек жүрекке, жүректен қаламға өтеді. Жазушы өз уақытының, қоғамының тамырына тікелей байланып тұрғанын сезінеді, сезіндіреді. Топырағына байланған алып ағаш секілді. Осы бір сезім жазушының тікесінен тік тұрып жазуына алып келеді ғой деп ойлаймыз.

Жазушы әлемі – өмір мен қоғам терезесі алдындағы тік тұрған бір тал гүл секілді, гүл дегеніміз – өнердің леп белгісі. Әдебиет сөзінің айрықша таңбасы. Қаламгер сол терезеден нені көреді, нені аңғарады, ол – шығармасында, ал сол терезеге қараған біз нені байқадық? Замандас қаламдастары ше? Газетімізге жолданған қаламдастар пікірін қатар бергенді жөн санадық:

«Жүсіпбек, образдап айтқанда, әдебиеттегі сегіз қырлы қаламгер. Көркем шығармаларын былай қойғанда, оның жазған дүниесінің кез келгені, мейлі ол әдеби талдаулары, мейлі мақалалары болсын әңгіме сияқты оқылады. Және оның барлығы адамдық тұрғыда таланттың тайға басқандай белгісі. Әдебиетіміздің төрт құбыласынан айқасқалар мен төбелдерді түгелдеп, төркіндетіп дәл көрсетіп жүрген Жүсіпбектен басқа ешкімді байқай қоймайсың. Қазіргі заманда өзінің шығармаларын да жаза жүріп, өзгелердің шығармасына да әділ бағасын беретіндерге тәубе деу керек.

Бізге мына өзіміз көксеп отырғандай әдебиеттің жаңа тұрпатын қалыптастыруда ерекше рөл атқаратын жазушы аса қажет. Өткен-кеткендерді мақтай-мақтай шаршап, шалдығып тұрған кезде, көркем шындықты көңілге қондырып, көзге көрсетіп беретін талғампаздықты табу қиын. Қалай болған күнде де әділетті қоғам құруға бетбұрыс жасалып жатқан кезде әдебиетте де адалдықтың болуы және жазылған шығармалардың өз бағасын беретін, тамырынан тартып қазып айта алатын тұлғалардың болуы берекеміздің кепілі», дейді жазушы Несіпбек Дәутайұлы.

Дәутайұлы атап өткендей, Жүсіпбек Қорғасбек – әдебиет әңгімесі айтылған жерде бейтарап қалмайтын қаламгер. Ал ол әңгіме айтылмаса, өзі бастайды. Газет бетінде, телевизия алаңдарында, тіпті әлеуметтік желілерде де. Қазіргі кезеңде әдебиетке шын мәнінде ояу саналар керек. Пікір айтудан тартыну, сөзін іркіп қалу, қалыс қалып қамсыз жүру – кейіпкеріміздің табиғатына жат мінездер. Әділін айтуға, ашық дискуссияға шақыруға ұмтылу – әдебиет алдындағы жанашырлық пен жауапкершілікті сезінуден деп білеміз.

«Біздің әдебиеттегі, ұлт руханиятындағы ойы да, сойы да биік, бекзат авторлардың бірі – Жүсіпбек Қорғасбек. Жаттандылық деген жанына қас қаламгер үнемі ілгері ізденістерге ұмтылады. Ол әдебиетке батылдау кірді. Сонау жас шағымыздан бірге өстік, бірге көрдік. Корифейлердің әңгімесін тыңдап, өнегесін алдық. Жүсіпбек сол классиктердің мектебін көрді – оның мықтылығы сонда. Жүсіпбектің шығармашылығы да кең, шалқар. Ол өзі сан қырлы талантты адам десе болады. Жалпы, талантты адамдар көбінесе тағдырлы келеді. Әсіресе өнерде біз талантты адам мен еңбекқорды көп шатастырамыз. Өнерге талантты адам керек, әрине. Еңбекқорлық екінші пландағы дүние. Жүсіпбектің «Өнер» деген шағын әңгімесі бар. Бейнелеу өнерін орыстар «молчаливая муза» дейді. Яғни үнсіз муза. Сонда автор суретшінің картинасын әңгімеге объекті қылып алады. Нағыз суреткер көзге көрінбейтін дүниелерді көреді. «Өнер» атты әңгімені кез келген оқулыққа, хрестоматияға ойланбай кіргізуге болады. Мұндай интеллектуалды шығармалар бізде аз.

Кейінгі уақытта оның «Egemen Qazaqstan» газетіне шығып жүрген әдеби баяндары назарды аударып жүр. Бұрын социалистік реализм әдісі тұсында әдеби сынның жақсы кезеңі болды. Ал қазір сынның өзі шығарманы мақтау үшін ғана жазылатын сияқты. Жүсіпбек әдеби шығармаларды талдауда тыңнан түрен салды. Оның бір қасиеті – тағдырлы таланттардың өмірі мен қырсырын ашуда өзіндік стилі бар. Бұған Әбдіжәміл мен Олжасты салыстыра жазғаны, Серік Ақсұңқарұлы мен Гүлнар Салықбай туралы жазғандары дәлел. Әрбір талантты қаламгердің қолтаңбасын һәм болмысын ашу үлкен білімді, эрудицияны қажет етеді. Сондықтан Жүсіпбектің кейінгі кездері қалам тартып жүрген жанры әдеби сынның орнын толтыратын сияқты. Андре Моруаның, Проспер Мерименің атақты эсселері болған. Олар шығармашылық адамдарының портретін ашуда мүлдем бөлек, тосын ізденістерге барды. Жүсіпбек те осы бағытта келе жатқан автор. Осы стиль, осы мінез кешегі Зейнолла Серікқалиевтерде бар еді. Сол бағытты қазір Жүсіпбек үлкен биікке алып шықты. Былайша айтқанда, әдеби сынды қалай жазу керектігінің нәзиралық үлгісін танытып жүр десек болады», дейді *«Ана тілі» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай.*

Жазушының «өлең келгені секілді, мақала да маған құйылып келеді» деген сыңайдағы пікірін естіп едік. Жалпы, үлкен әдебиетте қаламгерлердің тұтас ағымдар мен бағыттардың табиғатын танытатын, әдеби үдерістің даму бағытын көрсететін, идеялар мен тенденцияларды жіліктеп шағып беретін әдеби мақалалар жазуы өте қажет. Неге десеңіз, кейде ең байқампаз сыншылардың өзі аңғара бермейтін детальдар мен штрихтарды қаламгер байқайды. Ақын ақынның жан күйзелісін көбірек сезінетіні бар. Дерті ұқсас жандар бір-бірінің азабын артығырақ білсе керек. Қаламгердің қаламгер жайлы айтуының қажеттігі де осында жатқандай.

«Жүсіпбек Қорғасбек ерте танылған, әдебиетке өзінің қолтаңбасымен келген суреткерлеріміздің бірі. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңында, ұмытпасам, «Қазақ әдебиеті» газетінде «Жансебіл» дейтін әңгімесі жарқ ете қалды. Бұл әңгіме көп адамдарды таңғалдырды. Әңгіменің ерекшелігі неде еді? Әдетте көптеген жазушы әдебиетке алғаш аяқ басқанда прозалық шығармаларын романтикалық көңіл күймен бастайтын. Көп жағдайда өздерінің басынан кешкен оқиғаларды, одан алған әсерлерін, көңіл күйлерін суреттейтін. Ал Жүсіпбек алғашқы туындысын бірден кейіпкердің жан дүниесіне үңілуден бастады. Өз басындағы жеке жағдайды емес, тағдыры ауыр кейіпкердің оқиғасын көркем шығармаға айналдырды. Мұндай ауыр тағдырлы адамның басынан кешкенін жазу үшін жазушыға өмірлік материал керек. Осыған қарап Жүкеңнің әдебиетке үлкен дайындықпен келгенін байқауға болады.

«Жансебіл» шығармасы жазылу стилі де, берілу формасы да жып-жинақы, артық сөз, артық деталі жоқ, адам тағдырын терең зерттеп, соны жарқырата аша білген кесек туынды. Әрине, сол уақыттарда көркем шығарманың лайықты бағасын берудің мүмкіндігі болған жоқ. Біріншіден, ол кезде жастарды көп мақтай бермейтін. Әдебиетке келген прозаиктердің қырық жастан асқан соң ғана аты ауызға алынар еді. Екіншіден, ол көпшіліктің әдебиетке деген көңілі суып бара жатқан тұс болатын. 90-шы жылдардың «балапан басына, тұрымтай тұсына» дейтін алмағайып кезінде «мына дүниеде не жазылып жатыр?» деген сауалға мән беруге уақыт болмады.

Жүкеңнің одан кейін де көптеген дүниесі жарық көрді. Айталық, жақында ғана мен бірінші томына енген шығармаларымен қатар, «Үлпілдек» атты романын оқып шықтым. Сонда көзім жеткен нәрсе Жүкең өзінің жеткен, бағындырған биігіне тоқтап, тоқмейілсіп қалатын жазушылардың қатарынан емес. Әрине, ол ізденістердің арасында кейде сәтсіз шыққандары да бар болуы мүмкін. Бірақ жазушы өмірбақи ізденіс үстінде жазуға тырысу керек. Ірі суреткерлердің қай-қайсысы да бір стильмен жазбағанын байқайсың. Жүкеңнің шығармашылығында мистика да, Оралханға тән романтизм де, карикатура да, реализм де бар. Ол түрлі бағытта жазып жүрген суреткер. Шығармалары өзгеріп, құбылып отырады. Түрлі форма жасаудың шебері. Оның айқын дәлелі – «Үлпілдек» романы. Жалпы, бұл романға қатысты кезінде түрлі сындар да айтылды. Менің ше, ол романды түсінбегендіктен айтылған сияқты. Маған ұнағаны жазушы бұл шығармасында саналы түрде дәстүрлі жазудан бас тартып, үлкен эксперименттер барған. Айталық, романда оқиғалардың әрқайсысын әртүрлі формада береді. Оның шығармашылығына қарап постмодернизм, модернизм бағытында да көптеген дүние берген жаңашыл жазушы екенін айтуға болады.

Жүкеңнің редакторлық қыры бір төбе. Шерағаңдардың қалыптастырып кеткен дәстүрін абыроймен жалғастырып, «Қазақ әдебиеті» газетін үлкен биікке көтеріп кетті деп айтуға әбден болады. Сол уақытта газет бетінде айтылмай жүрген өзекті мәселелерді қозғады. Ол әрине біраз адамдарға ұнамауы да мүмкін. Бірақ сол кезде «Қазақ әдебиеті» газетінде процесс бар еді. Ол ешкімнің жағына шықпай, кез келген адамның позициясын сыйлап, қандай мәселеде де екі жақтың көзқарасын тең беріп отырды. Кейде сол дауларға өзінің де басы шатылып қалған кездері болды. Әдебиет сондай тартыстың үстінде дамиды. Бір ғажабы, сол айтыс-тартыстардың бір шеті кейіннен жазушыға таяқ болып тигенін де білеміз. Содан кейін Жүкеңді жау көріп кеткен қаламгерлер де есімізде. Бірақ ол өзінің мықты редактор екенін танытты. Газетті үлкен биікке көтеріп кетті. Жалпы, Жүкеңнің бір ерекшелігі ретінде әдебиетке қаншалықты адал қызмет етсе, өмірде де адамдарға таза көзбен, таза пейілмен қарайтынын айтар ек. Адамдарға зіл сақтамауға тырысады. Айталық, «Қазақ әдебиеті» газетінде жүрген кезінде үлкен жазушыларға қарсы дау-дамайлар туындады. Кейін солар өз мақалаларында Жүкеңді сынап, жамандап, жеке басына тиісіп жатты. Бірақ Жүкең олардың ешқайсысына қарсы жауап жазған жоқ.

Мен оның «Egemen Qazaqstan»-ға шығып жатқан дүниелерін үзбей оқып отырам. Көңілім толып, жаңалық ашқандай болам. Оның әдеби сындары, талдаулары іздеп жүріп оқитын мақалаларға айналды. Бұл жағынан қаламгер мені сыншы ретінде де қызықтырады. Жазу стилі, формасы бөлек жаңашыл жазушы әлем әдебиетінде, қазақ әдебиетінде болып жатқан жаңалықтарды үнемі бақылап отырады. Ит көйлекті менен бұрын тоздырса да жаңашылдығы ғажап. Мысалы, мен Памукты қабылдай алмаймын. Ол соның ерекшелігін айтып береді. Әдебиетке адал адамдардың қай-қайсының да адал, әділ бағасын беруге тырысатыны ұнайды», деп пікір білдірді әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы.

* * *

Адамзат баласының ғарышты игеру дәуіріне алпыс күннен астам уақыт қалғанда жазушы дүниеге келіпті. Гагарин ұшқан жылы. Немесе, жазушы дүниеге келген жылы Гагарин ғарышқа ұшты. Джек Лондонның мынадай бір сөзі бар екен: «Адам баласының өмірінде ең маңызды екі күн бар: бірі – оның өмір есігін ашқан күні, екіншісі – ол есікті не үшін ашқанын түсінген күні». Бәлкім осы күн – қаламгердің қолға алғаш қалам ұстаған күні. Қалам қалғымасын!

Ерлан ЖҮНІС
egemen.kz

АТАМАННЫҢ АЖАЛЫ

Осыдан тура аттай 100 жыл бұрын, 6 ақпан күні кешкі сағат алтылар шамасында қытай шекарасындағы Сүйдін әскери қамалында ақ патша генерал лейтенанты, Орынбор казак әскери армиясының қолбасшысы, атаман А.Дутов Жаркент уездік ЧК-сының арнайы құрылған отрядының жанкешті қимыл-қарекетімен атып өлтірілді. Бір ауыз сөзге сыйып тұрған осынау оқиғаның тарихшылар айтып, жазып, зертеп тауыса алмай жүрген мәні мен маңызы, ұзақ жылдар тұмшаланған құпия сырлары әлі де тиянақтала қойған жоқ.

Қ.Чанышев басқарған Жаркент уездік милициясының жауынгерлері. 1921 жыл

Неге десеңіз, жақын жылдарда (2017 жылы) жарық көрген Вадим Гальцевтің «Терновый венец атамана Дутова» («Атаман Дутовтың тікенек тәжі») атты зерттеу кітабында Кеңестік Түркістан әскери барлау бөлімінің бұл істі тікелей басқарғанын және өз тарапынан Жаркент уездік ЧК-сында құрылған арнайы отрядтан басқа, негізгі террорщыларды қорғап, қолдаушы құпия бірнеше жасырын әскери топтар жасақтап, жау ордасында қарекет жасағанын мұрағат қорларынан анықтағанын білдік. Бұл топтарға жергілікті шаруаларша киіндірілген мұсылман әскери адамдар тартылғанын, жазушы олардың кейін өкілетті орындарға жазған хаттары мен ұрпақтарының естеліктері арқылы дерек береді. Сонымен қатар автор қазір шет елдік болған кейбір мұрағаттарға қол жетпегендіктен, әлі де зерттеуді қажет ететін жайлардың молдығын ескертеді.

Кеңес кезеңінде арнаулы органдардың мұрағат материалдарын аса құпия сақтауына байланысты, атышулы бұл оқиға туралы 1990 жылдарға дейінгі кітаптар мен әртүрлі басылымдарда жарияланған мақалаларда үстірт жазылды. Кейбірінде атаманды ажал қаптырған оқиғаға қатысқан адамдардың аты-жөндері, қимыл-қарекеті бұрмаланып көрсетілгенін кейінгі зерттеулер айқындап берді. Кемел Тоқаевтың «Соңғы соққы» повесінде, Бексұлтан Нұржекеұлының «Жау жағадан алғанда» романында генералды өлтіруге қатысқан адамдардың есімдері, теракті үстіндегі қимыл-қарекеттері шындыққа жанасады. Ал, 2016 жылы жазда «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген Жанболат Аупбевтың «Ажалға аттанғандар» атты зертеуінде бұл оқиға мұрағат материалдарымен жан-жақты зерделенген. Өткен жылы жарық көрген жергілікті тарихшы Қали Ибрайымжановтың «Мұқай батыр» атты зертеу кітабы да оқиғаға қатысқандар жайлы деректерді толықтыра түсті.

Біздің мақсатымыз осынау атышулы оқиғаға жүз жыл толған шақта, жоғарыда аталған жазушы зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, ажалдың аузына жасқанбай барып, бірінші кезекте Жетісу өлкесіне тажал төндіріп тұрған әбжыланның басын кескен батырларды тағы бір еске алу. Олар шын мәнінде батырлар еді.

Атаман Дутовты ұрлауға, болмаған жағдайда көзін жоюға қатысқан батырлардың есімдері мен қысқаша мінездемесімен журналист Ж.Аупбаевтың зерттеу мақаласында келтірген Жаркент уездік милициясының бастығы Қасымхан Чанышевтің хабарламасы арқылы танысайық:

«Жетісу облыстық ЧК-сының жауапты қызметкері Давыдов (маған) 21 ақпаннан қалдырмай, яғни шекараның осы учаскесінде ақтардың шабуылға шығуы ықтимал кезге дейін, атаман Дутовтың көзін жоюды тапсырды. Операцияға әзірлік пен оның барысы туралы Суворовка баяндап отыруға тиіс болдым. Топ іріктелді.

Орынбасарым – **Махмұд Қожамияров**, Жаркент уездік милициясының қызыметкері. Ол контрабандистермен күресте ерекше көзге түскен. Көрмеген жердің ой-шұңқырын жақсы аңғарып, тез бейімделе кетеді, адамдармен колма-қол тіл табыса біледі. Шығыс халықтары күресінің тәсілдерін жетік меңгерген, қарудың қай түрінен болса да өте жақсы ата алады.

Мұқай Байсымақов. Жауынгер. Жүрек жұтқан батыл жігіт. Алып күштің иесі.

Оның туысы – **Құдыс Байсымақов** (шын аты Көдек). Жауынгер. Аттың құлағында ойнайтын шабандоз.

Ғазис Ушербакиев. Жауынгер. Ату құралын өте жақсы меңгерген.

Юсуп Қадыров. Жауынгер. Карабиннен құралайды көзге ататын мерген. Қылыш пен қанжарды тамаша пайдалана біледі.

Сұлтан Маралбаев (шын аты Солтанай – ред.). Жаркент уездік милициясының қызыметкері. Орыс, қытай тілдерін біледі, пистолеттен өте жақсы атады.

Бұлар іс жүзінде кез келген жауынгерлік тапсырманы орындауға қабілетті екендігін талай рет дәлелдеген жандар. Кезінде шекара арқылы сан рет мол мөлшерде апиын алып өтіп жүрген, құрамында 46 адам бар, жақсы қаруланған контрабандистердің әрекетіне нақ осы топ тиым салған болатын».

Бұл топты Қасымхан Чанышев кеңестік төңкеріске дейін де пайдаланған немесе олармен сыбайлас болуы мүмкін деп ойлаймыз. Себебі татарстанда туылып, Жаркентте өскен бай татар көпестің баласы Қасымхан мен оның бауырлары контрабандалық жолмен байыған. Ол өзіне сенімді серік етіп алған орынбасары Махмұд Қожамияров Жаркентке жақын орналасқан Аққент ауылының тумасы. Осы ауылдан шыққан Махмұдтың «Алты қасқар» атанған аталары қытайдан ары-бері өткен сауда керуендерін тонайтын атақты қарақшылар болған. Көзін ашқаннан қарақшылықтың тағылымын алған ол да есейе келе аталарының кәсібін меңгергенін Қасымхан Чанышевтың мінездемесінен аңғаруға болады. Ал, Мұқай Байсымақов болса жастайынан әкесінен жетім қалып, анасы мен бауырларын жеткізу қамымен шекараның арғы жағында, бергі жағында тіршілік жасап, жер мен ел жағдайын әбден меңгерген адам. Шекараға жақын Қонақай ауылында өскен Юсуп Қадыров та жолын білгенге аса табысты контрабандалық қарекеттен хабарсыз болмағаны анық. Ғазис Ушербакиевтің ағасы Насырдың сол кезде қытайда тұратынын, «халықаралық сауданың» көрігін қыздырғанын ойласақ, олардың да тіршілігі топтастарына ұқсастығын бағамдау қиын емес.

Бұлардың бәрі де сол кезде қызыл саясатқа қызмет еткенімен жаңа құрылған Кеңес өкіметіне жан-тәнімен адал берілген адамдар еді деп айту қиын. Олардың астыртын контрабандалықпен апиын және мал саудасын жасап жүргенін Жетісу облыстық, Жаркент уездік ЧК басшылары да жақсы білген. Түркістан әскери барлау бөлімінің атаман Дутовты ұрлауға бағытталған бірнеше жоспары сәтсіздікке ұшыраған соң, бұл істі жер мен ел жағдайын жақсы білетін жергілікті адамдарға тапсыруды мақұл көрген. Сондықтан Ташкентте, Алматыда, Қоғалыда әскери бөлімдер ішінде ЧК жансызы қызыметін атқарып жүрген Қасымхан Чанышевті Жаркент милициясының бастығы етіп тағайындап, Дутовтың көзін жоюды тапсырады.

Қытай қамалына тастай бекініп, күн жылынысымен Жаркентке шабуылды бастауды жоспарлап отырған атаманды алу оңайға соқпады. Қасымхан тобының да бірнеше әрекеті сәтсіздікке ұшырап, ЧК басшыларының сенімсіздігін туғызды. Соңғы теракті қарсаңында Қасымхан Чанышевты «сатқын» деген айыппен тұтқындап, өзінің өтінішімен соңғы мүмкіндік беру үшін оның сегіз жақын туысын кепілдікке алып, түрмеден босатады. Алайда тапсырма орындалмаған жағдайда оның кепілдікте түрмеде отырған туыстары түгел сотсыз, сұраусыз атылатыны ескертіледі. Осындай қатал талаптан кейін Қасымханның және оның сенімді серіктерінің қайткенде де атаманды өлтірмеске амалдары қалмайды.

Осы орайда басқа зерттеушілер назар аудармаған тағы бір жайды айта кеткеніміз артық болмас. Атаманды ұрлау, болмаған жағдайда өлтіру операциясын 5-6 ақпанға жоспарлаудың бір сыры – қытайдың күн тоқтап, ұзара бастайтын 22 желтоқсаннан бастап суық күндерді тоғыз күннен тоғыз жұға бөлетінін, бесінші жу біткенде он күнге созылатын «суық қуу» мерекесінің 5 ақпаннан басталатынын Қасымхан Чанышев қаперге алған сыңайлы. Өйткені көптен бері қамалда іші пысып жатқан ақ казактардың қандай да мерекені қуана тойлайтынын ұрымтал сәтке бағамдаған.

Алдын-ала атаманның сеніміне кіріп, тығыз байланыс орнатқан Жаркент уездік милициясының бастығы, бұрынғы патшалы Ресейдің князы «қызылдардың тұтқынынан қашып шықтым» деген желеумен қасына сенімді серіктерін ертіп, 6 ақпан күні кешкісін Сүйдін қорғанына барады. Қорған қақпасында жарау аттар мінген Юсуп Қадыровты, Көдек Байсымақов, Сұлтан Маралбаевты және Ғазис Ушербакиевті қалдырып, атаманға жазған хатын бұрын да арада байланысшы қызыметін орындап жүрген Махмұдтың қолына ұстатып, оны Дутовтың үйіне кіргізіп жібереді де, есігіндегі күзетшілер жанына Мұқай Байсымақовты қойып, өзі аулада жасақ тұратын үй маңында жасырынады.

Алдын-ала келісім бойынша Махмұд атаманды атқан сәтте Мұқай есік алдында тұрған үш күзетшіні атып өлтіріп, Қасымхан күзет жасағын казармадан шығармай атқылап, серіктерінің қамал қақпасынан аман шығуына мүмкіндік жасауы тиіс. Атаман Чанышевтың хатын оқып отырғанда Махмұд Дутовтың кеудесінен тапаншасымен атады. Осы сәт бөлмедегі жарық беріп тұрған май шам жалп етіп сөніп қалады. Оқыс қару дауысынан секем алған Дутовтың адъютанты бөлмеге кіріп келеді. Қараңғылықта не болғанын түсіне алмай тұрған оны да атып өлтіріп, сыртқа беттейді. Бұл кезде келісілгендей Мұқай сегіз оқты револьвермен күзетшілерді сұлатып салып, Қасымхан атаманның үйіне жақын тұрған күзет жасағының тұрағынан шыққан әскерлерді атқылап, казармасына қайта қуып тығады. Қамал қапасындағы қытай күзетшілеріне онда тұрған серіктері оқ жаудырып, Қасымхан тобы тез атқа қонып, қамалдағылар ес жиғанша іздерін суытады.

Атаман А.Дутов ымыртта атылған оқтан ауыр жарақат алып, ертесі 7 ақпан күні азанда өледі. Ал тапсырманы орындаған Қасымхан Чанышев тобын Жаркентте халық салтанатпен қарсы алып, жиын өткізіп, олар түгелдей революция батырлары атанады. Ташкентке арнайы шақырылып, Қасымхан мен Махмұд алтын сағатпен, басқалары күміс сағатпен және арнайы қарулармен марапатталған. Жаркент милициясы басшысының кепілдіктегі туыстары түгел қамаудан босатылды. Дегенмен кейін отызыншы жылдардағы зобалаңда олар түгелдей қуғынға ұшырып, Қасымхан Чанышев пен Махмұд Қожамияров 1937 жылы халық жауы атанып атылды, Насыр Ушербакиев Орскіге жер аударылды. Ғазис Ушербакиев 20-шы жылдардың орта шенінде ауырып, қайтыс болған. Мұқай туыстарымен Қытайға қашты. Оның інісі Көдек 1936 жылдар шамасында өмірден озған. Сұлтан (Солтанай) Маралбаев 1936 жылы қаза болған. Бұл топтан тірі қалған Юсуп Қадыров та отызыншы жылдарда көп қуғын көрді, әйтеуір сотталған жоқ. Өмірін көзден таса құм ішіндегі шағын Айдарлы ауылында өткізіп, қазақ қызға үйленіп, ұрпақ өсірді.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ,
Панфилов ауданы.

САДЫРЛЫҚТАРДЫҢ САУАПТЫ ІСІ

Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау, мүмкіндігі шектеулі адамдарға көңіл аудару, көмектесу, олардың қоғамға бейімделуіне ат салысу.

Садыр ауылдық мәдениет үйінің қызметкерлері мен мүмкіндіктері шектеулі балаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің қызметкері Зәуре Сманова ата-бабамыздан келе жатқан осынау ізгі дәстүрімізді – имандылық ісін жалғастыруды адамдық борышымыз деп біледі. Олар өткен Жаңа жылдық мереке кезінде Сарыбел ауылдық округіне қарасты Садыр, Тұрпан ауылдарында тұратын мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларына барып, хал-жағдайын біліп, ыстық лебіздерін білдіріп, сый-сияпаттар берген болатын. Жақында ғана тағы да Садыр ауылының әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына барып, азық-түлік таратты. Жақсылықтың жаршылары болып, игі істерді ұйымдастырып жүрген олар осы қайырымдылық іс-шараларына белсенді түрде демеушілік көрсетіп тұратын «Тохтахунов» ЖШС-нің *(«Смайлик» шағын маркеті)* басшысы Илимжан Сыдықұлы Тохтахуновқа дән риза.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» деген дана халқымыз.

Көкірегі қаяулы, жаны жаралы мұқтаж адамдарға жанашыр болып жүрген жандардың Жаратқан Иеміздің шапағатына да, жалпы қоғамның ілтипатына да бөлене берері хақ.

Қымбат
ҚҰЛЫБЕКОВА,
Садыр ауылдық мәдениет үйінің директоры.

Гүлбақыт ҚАСЕН:

Алтын ауыл – бұзылмаған қаймағым, Бесігінде тербелсінші қазағым...

Гүлбақыт Тоқтанқызы Қасен 1975 жылы 18 тамызда Алматы облысы, Панфилов ауданы, Айдарлы ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары, педагогикалық, заңгерлік.

Еңбек жолын 1995 жылы Алакөл ауданы Үшарал қазақ гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып бастаған, 2002 – 2006 жылдар аралығында Ынталы орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, 2006 – 2007 оқу жылында Жыланды қазақ орта мектебінде директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, 2007 – 2008 оқу жылында Қабанбай батыр атындағы орта мектебінде директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, 2008 жылы Ө.Жолдасбеков атындағы Құқық және экономика академиясының «Бизнес, құқық және жаңа технологиялар» колледжі директорының оқу-әдістеме жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді.

2008-2010 жылдар аралығында Алматы облысының Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасында бас маман, 2010-2015 жылдары Тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, басқарма басшысының орынбасары болып қызмет атқарды.

2015-2020 жылдары Алматы облысының әкімдігі, ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінде облыс әкімінің бас инспекторы, 2020 жылдың наурыз айынан бастап Алматы облысы Білім басқармасы басшысының орынбасары, тамыз айынан Алматы облысының әкімдігі, ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінде облыс әкімінің бас инспекторы болып қызмет атқарады.

Гүлбақыт Қасен – қаламгер, ақын, аудармашы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың жүлдегері, «Мағжан көктемі» өнер фестивалінің лауреаты, «Алуа», «Бақыт гүлі», «Құсқанаты», «Жүрегімнің хаттары» жыр жинақтарының, «Күнтұмар-Айтұмар» аударма жинағының авторы, өлеңдері қырғыз, түрік, француз тілдеріне аударылған.

Г. Қасен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамотасымен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

ӨЛЕҢГЕ СЫР

Жанымды ұғар дәл өзіндей кімім бар?
Сен болмасаң өліп кетер түрім бар.
Мұңайғанда қарс айрылар жүрегім,
Ей, Өлеңім,
мені қуант, тілімді ал!

Қуануға қақы бар-ау иеңнің,
Киелі Өлең, саған басты иемін!
Менің бүкіл тағдырымды, қайғымды,
Сен түсіндің, сол себепті сүйемін.

Қу жанымды шүберекке түйгенде,
Бір басыма қайғы бұлтын үйгенде.
Қол созасың тек сен ғана, Өлеңім,
Сағыныштың жыр қамытын кигенде.

Пана болмай салқар дала, көк аспан,
Жарық күнде жол таба алмай адасқам.
Ей, Өлеңім,
сен төзіммен жеңесің,
Тек өзіңмен армандарым алға асқан.

Қиын сәтте мені ұлықтап, демедің,
«Сені ұқпадым, түсінбедім» демедің.
Барым да сен, Арым да сен,
Өлең-жыр,
Сен болмасаң менің қанша керегім?

... ең болмаса, сезім қалса деп едім,
Сен аман бол, сен аман бол, Өлеңім!

* * * * *

Көңілдің де қысы, жазы, күзі бар,
Ал, көктемде сұлулық бар біз ұғар.
Теңіз толқып, тау теңселіп кеткендей...
Жыр ғұмырда қандай сыр бар қызығар?

Сүйіп кеткен, сүйікті еткен, көктемім,
Мен өзіңмен – биіктемін, көктемін.
Қалап тұрам құс біткеннің ән салып,
Алтын күннің шұғыласын төккенін.

Көк белдердің гүлдегенін қаладым,
Алма ағаштың бүрлегенін қаладым.
Мені көріп мейірімді Жер-Ана:
деп тұрғандай «айналайын, қарағым».

Еркеледім. Еркесі етті мына әлем –
...Құсжолымен жетелейді бір әуен...
Мына өмірге қайта келу бұйырса:
Мен бәрібір ақын болып туар ем,
...ең бақытты ақын болып туар ем!

ЖАРЫМЫН ЖЫР АТТЫ ҚАҒАННЫҢ...

Сезбеймін «сиқырын» ғаламның –
Тағдырым – ұшында қаламның.
Тұтқыны боп өтем Өлеңнің...
Жарымын Жыр атты қағанның.

Сөзімнен соғамын жыр мүсін,
Бедерлеп ұлылық үлгісін.
Мен мәңгі берілдім Музаға –
Сен мені таба алмай жүрмісің?..

Мен Айға ұмтылам қалайда,
Сен мені іздеме, жарай ма...
Нұр болып оралам бір күні,
Айналған әдемі арайға.

Адалдық танытам жырыма,
Қанық бол тұңғиық сырыма.
Жүректі шыңдаймын болаттай,
Төзуге тағдырдың сынына.

Тосыннан кез болар сын деген,
Жанарда мөлдірер мұңды өлең.
Жаныма араша – ар-намыс,
Қаныма жат қылық сіңбеген.

Өлең-жыр – өмірім, ардағым,
Жеткізер бақытқа арманым.
Тәуба деп оянам әр таңда,
Ақынмын. Құлымын Алланың.

АҚ ТІЛЕК

Жыр арнадым Жетісуға – адал, ақ,
Қадірімді арттыратын бағалап.
Жақсы жандар қанатымды қатайтып,
Тұлпарымды берген еді тағалап.

Кейде өмір тасып жатты төгіліп,
Кейде көңіл – қабырғасы сөгіліп...
Сөзің болып тізіліп ем моншақтай –
Өрістедім Өлең-жыр боп өріліп.

Дархан жүрек – кеңдігіндей даланың,
Асқақтай ма, аспандай ма дара үн?
Нота болып қосылып ем пернеңе –
Күмбірлеген Күй боп шалқып барамын.

Күміс су да көз тартады жарқырап,
Жақсы жерде жайқалмай ма бал-құрақ?
Бұлақ болып қосылып ем арнаңа –
Өзен болып ағып барам арқырап.

Сәтті күнде Күнім күліп, шығар Ай,
Жақсы істерді жүрем естен шығармай.
Шыбық болып қадалып ем шыңыңа –
Тамыр алып биіктедім Шынардай.

Даналықтан көп дүние ұқтым мен -
Гүл әлемге жыр арнадым шық тілмен.
Жота болып жалғасып ем төбеңе –
Талаптанып Таудай болып шықтым мен.

Құрмет тұтам жақсыларды – асылды,
Бар қуаныш...
жанарда жас жасырды...
Тамшы болып тамған аппақ тілектер -
Көл боп шалқып, мерейімді асырды.

ӨМІР-АЙ, ӨМІР...

Өмір-ай, өмір...
өзен-көл болып тасыған,
құралғандайсың құралай көздің жасынан.
Жамандықтың да, жақсылықтың да іздері
сіңгендей құмға, толқынның шайып жасырған.

Тағдыр-ай, тағдыр...
таулардай биік, құзар шың,
қарсы алған жанды қиын белесің, ызғар сын.
Сәулеге зәру әділдік ойдың жартасы,
сең болған мұздан табаны тайып ұзар шын.

Жалған-ай, жалған...
ғарыштың көгі, аспаным,
жолаушы жандар жолында көпір аспалы.
Тіреусіз көкте қарманар бұлт па, ауа ма,
сезімнен қорқам ғайып боп кетер қас қағым.

Дүние базар...
тылсым күш ғажап тартатын,
тұңғиық түбің, кімдер бар сенім артатын?
Арманым болмас еді ғой ертеңгі күн үшін,
қалдырсам жазып намыстың жырын, ар хатын.

* * * * *

Аңдамаймыз...
ақ жүректі жандар бар.
Жақсылықпен қарсы алатын таңдар бар,
Үзілуге шақ қалды ма соңғы үміт –
Саңылаудан сәуле тамса таңданба.

Титей сәуле өміріңді нұрлы етер,
Тағдырыңа өкпе айтпа құр бекер.
Мына өмірден патша да өтер арманда,
Риза болып тағдырына құл да өтер.

Титей сәуле үмітіңді жалғайды,
Қанат бітсе көңіл көкке самғайды.
Сабыр, сабыр...
барлық нәрсе сәтімен,
Алма ағашы мезгілсіз гүл жармайды...

Қуана біл бес күн өмір жалғанда,
Қол созады ең аяулы арман да.
Бір қиындық – мың жақсылық бастауы,
Несібең де ең бақытты таңдарда...

ТІРЛІК ДӘМІ
(диптих)

I
Жалғанда жан бар ма Анаға тең келер?
Мейірім-шапқатын балаға тең бөлер.

Жұмақтың кілті де табаны астында,
Тірліктің көзі – өзі, өмірде – бас тұлға.

Көк аспан және Анам – ең алғаш көргенім,
Биіктік, мейірім сүйреген өрге мың.

Мәңгілік сәби боп өтер ем еркелеп,
Жалғанда жағыпар келмесе ентелеп.
Анамның әлдиі – ақ бесік жырлары,
Көкейде уылжып әрқашан тұрғаны.

Анамның тілімен өмірді таныдым –
Дарыған бойыма өнеге, тағылым.

Анадан қабылдап инабат, әдепті,
Ою мен кестені үйрендім әдеткі.

Қос бұрым өргізіп, ағарып жаулығы –
Әлемді әдемі етуге баулыды.

Дәмді ас мәзірдің түр-түрін жасатты,
Кермек дәм жиілеп, көзімнен жас ақты.

Жеті нан пісіріп, аппақ боп білегі –
Ұл-қыздың бақытты болуын тіледі.

Анамыз ұяда біздерді тосады,
Немере, шөбере бал үнін қосады.

«Алдымен анаңа, анаңа, сәлем ет!»-
деген сөз Құранда айтылған керемет.

Ананың алғысы – ақ нұры АЛЛАНЫҢ,
... Келемін тірліктің мен татып бал дәмін.

II
... Әкемнің ақылы – санамды билеген,
Ойланып қаламын оңаша үйде мен.
Әкемнің жігерлі сөзімен есейдім,
Теректей тәкаппар, асқақтау күйге енем.

Орнаған ептеген үйде сәл қаталдық,
Ауылда «Ақшаның қыздары» атандық.
Аузында – иманы, қолында – құраны,
Бақытты болсақ деп, Әкеден бата алдық.

Ақсақал атанып, бір басын сыйлы еткен,
Асырап асықтай алты ұлын үйлі еткен.
Қатардан қалдырмай жетелеп алдыға,
Серік боп жақсыға жүруді үйреткен.

Тым ерте жетім қап қиындық өткерген,
Тарамыс қолдары бейнетті көп көрген.
Басымнан сипаған сол қолдар мамықтай,
... Бүгінде қарайды томпайып бөктерден.

Мұра етіп төс, балға, ер-тұрман құралын,
Өсиет қалдырып, мәңгі етті тұрағын.
... Сен тіккен отаудың еңсесі биікте,
Сөнбейді, әкетай, соңында шырағың.

Сөзіңді еске алып, ойларым бөлінер,
Сағынып, иісіңді көзден жас төгілер.
Өрімді қамшыңыз төрімнен түспейді –
Әлі де жөн сілтеп жатқандай көрінер...

АЛТЫН БЕСІК АЙДАРЛЫМ

Туған жерім –
Алтын бесік Айдарлым,
Күннен ыстық, ажарлысың Айдан мың.
Түлеп ұшып кетсем дағы құсың боп,
Тілекшің боп кіндігіммен байландым.

Сенде қалды балалығым балдырған,
Бақ түбінде тәтті ұйқымды қандырғам.
Табанымда ізі құмның, тікеннің,
Таңдайымда кілегей мен тандырнан.

Сенде өткіздім тәтті бала күнімді,
Күлдім, жылап, тізем неше бүлінді.
Жүгерінің шашағынан шаш өріп,
Тердім жусан, жиде, бақбақ гүліңді.

Сен шығардың менің ана тілімді,
Өзің бердің ең алғашқы білімді.
Бестас ойнап, алтыбақан түбінде
Ертегі оқып көзім әрең ілінді.

Сенде қалды достар бала күндегі,
Албырт сезім алма ағашпен гүлдеді.
Топырағыңнан түлеп ұшқан жастарың
Қандай арман жетегінде білмедім.

Сенде ұстаз ұлағаты жатталған,
Дәптерінде қалды арманым ақтарған.
Дүниенің төрт бұрышын шарлатса,
Сыр ұғушы ек қанаты жоқ хаттардан.

Сенде қалды көршілердің көңілі,
Туғандайын мейірімі төгілді.
Бір шәугім шай – бөлінбеген еншісі,
Қимас жандар той ететін төргі үйді.

Сенде мәңгі баба ескерткіш, мазары,
Қазыналы қарттарым мол ғажабым.
Алтын ауыл – бұзылмаған қаймағым,
Бесігінде тербелсінші қазағым.

Туған жерім –
Алтын бесік Айдарлым,
Күннен ыстық, ажарлысың Айдан мың.
Жерұйығым,
Құдіретіңе бас иіп,
Қасиетті топырағыңнан айналдым!

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы: jar-aina@mail.ru

➢Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➢Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №2863